

Барды бағалаған – озады,
жоқты қуалаған – тозады.
Тәуелсіздіктен қымбат
құндылық, егемендіктен
асқан байлық жоқ. Біз
басымызға бақ болып қонған
азаттықты аялай білуіміз
керек.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

БРИФИНГ



БАСПАНАЛЫ БОЛУ –
БІР БАҚЫТ

Алматыда тұрғын үй
құрылысының
көлемі артты

3

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



МЕМЛЕКЕТТІҢ
МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ

4

#ЕКПЕАЛ

2021 жылғы 20 желтоқсандағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 038 826

II компонентпен
998 605

адам вакцина салдырды

2021 жылғы 20 желтоқсандағы
мәлімет бойынша Қазақстанда

I компонентпен – **8 899 669** адам,
II компонентпен **8 363 114** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.12.2021

Түнде:



-1+1 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с

22.12.2021

Түнде:



-1+1 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №154 (6130) 21 желтоқсан, сейсенбі, 2021 жыл.

WELCOME TO ALMATY!

Шаһар басшысы туристерді Алматыға келуге шақырды



Қалада туризмді дамытуға барлық жағдай жасалған. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Instagram желісіндегі парақшасында мегаполис қонақтары үшін жағдайды жақсарту мен жайлылық жасауға бағытталған қала инфрақұрылымындағы өзгерістер туралы айтып берді.

«Туризмді дамытуға қолайлы жағдай жасаймыз. Визит-орталықтар ашып, таудағы инфрақұрылымды ретке келтірудеміз. Бизнес саласы Алматының дәстүрлі қонақжайлығын сақтай отырып, әлемдік деңгейдегі қонақүйлер салады. Welcome to Almaty!», – деді қала басшысы.

Бақытжан Сағынтаев сөзін қуаттап Instagram желісінде Алматының көрікті және танымал жерлері бейнеленген видео жариялады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ШЫРША ШАМЫ, ЖАРҚЫРА!

Алматыда жаңажылдық Бас шыршаның шамы жағылды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБAY.

Мегаполистің Бас шыршасын жағу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қатысты. Дәстүр бойынша жаңажылдық шыршаның шамы Тәуелсіздік мерекесінен кейін жағылды. Қала тұрғындары мерекелік сәтті қаланың сегіз нүктесінен тамашалады.

ҚЫСҚА...

- Тәуелсіздік күні қарсаңында мегаполистің Алатау ауданындағы Б.Момышұлы көшесінің батысында жаңа саябақтың құрылысы басталды. Парктің алаңы – 107,1 гектар.
- Ұлттық банк Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған күміс монеталар шығарды.
- Елімізде форель, тилапия, африкалық жайын сияқты балықтардың жаңа түрлерін өсіру қолға алынды. Балық көлемін 2030 жылға қарай жылына 270 мың тоннаға дейін ұлғайту міндеті қойылған.
- Әуезов ауданының «Ақсай-4» ықшамауданында 315 орынды №186 бөбекжай-балабақша ашылды.
- «Алматы жастары 3.0» тұрғын үй бағдарламасы аясында 105 полицей баспаналы болды.

www.almaty-akshamy.kz



11

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

Жаңарған «Жетісу»

Жаңа қонақүйдің ашылу салтанатына шаһар басшысы
Бақытжан Сағынтаев қатысты

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыда Тәуелсіздік мерекесіне орай, бірнеше жаңа ғимарат ашылды. Қаламыздағы байырғы қонақүйлердің бірі – «Жетісу» қонақүйі күрделі жөндеу жұмысынан кейін Ibis Almaty Jetisu деген атаумен ашылып отыр. Жаңа қонақүйдің ашылу салтанатына шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қатысты.

«Жетісу» көпфункционалды қонақүй кешені қаламыздың орталығында екенімен де ерекшеленеді. Сонымен қатар, оған таяу маңда Ғ.Мүсірепов атындағы жастар театры, «Алматы-2» ТЖ бекеті, Орталық әмбебап дүкені, метро, СОСО-тары мен саябақтар, басқа да нысандар орналасқан.

Қонақүй сапасы мен жайлылығы жағынан IHG InterContinental Hotels Group (британдық компания, қонақүй желілерінің операторы) стандартына негізделген. 222 (нөмір) бөлмесі бар қонақүйдің басты ерекшелігі – мұнда қонақтарға ең жоғары деңгейде қызмет көрсетіледі. Жобаның жалпы құны – 11,5 млрд. теңге. Сонымен қатар, қаламыздағы қонақүй-туристік инфрақұрылым нысандарына деген сұраныстың өсуіне байланысты ағымдағы жылы тағы да 628 нөмірлі 3 қонақүй ашылатын болады. Ол үшін 54,3 млрд. теңге инвестиция қарастырылып отыр.

QAZAQ AUYL

«Кімасардағы» Қазақ ауылы

Жоба экологиялық туризмді дамытуды ескере отырып әзірленді

Әсел
ДАҒЖАН

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Qazaq Aul кешенінің құрылыс барысын тексерді.

Qazaq Aul экологиялық кешені ұлттық нақышта «Кімасар» шатқалында салынып жатыр. Онда мейрамхана, 15 қонақүй және іс-шараларға арналған амфитеатр орналасады. Жоба бойынша мейрамхананы media Park Hotel қонақүй-тұрғын үй кешенімен және визит-орталығымен қосу көзделген. Визит-

орталық үшін ақпараттық қызметтер көрсетілетін және туристік жабдықтар сатылатын жеке үй-жай қарастырылған. Qazaq Aul жалпы алаңы – 1,3 га, үй-жайлардың алаңы – 850 шаршы метр. Инвестиция көлемі – 800 млн. теңге.

2022 жылы 20 жұмыс орнын құрумен экокешенді пайдалануға беру жоспарланған.

Жоба экологиялық туризмді дамытуды ескере отырып әзірленді. Бұл жалпы абаттандыруда, учаскенің жоспарлау құрылымында және кешен құрылымын құрайтын объектілердің композициялық шешімінде көрініс тапты. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, төтенше жағдай туындаған кезде адамдарды күзету, эвакуациялау және құтқару үшін мамандандырылған автокөліктің қолжетімділігі көзделген.

ЖАҢА КЕШЕН

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мегapolis әкімі Бақытжан Сағынтаев Medeu Park Hotel құрылысының жобасымен танысты. 2022 жылдың соңына қарай «Медеу» қонақүйінің орнына жаңа қонақүй салу жоспарлануда.

«Медеу» мұз айдынында қонақүй инфрақұрылымын қалпына келтіру жобасы қазақстандық және шетелдік туристерді тарту үшін іске асырылуда. Құрылыс алаңын аралау барысында Б.Сағынтаев қонақүй жобасымен танысты. Іргелі кешен 2,1 га аумақта салынады, бірінші қабатта 90 орындық қонақүй және 300 орындық мейрамхана, ал екінші қабатында апарт-отель болады. Екі блоктың қонақтарына арналған қонақүйде 25 метрлік бассейн, спа, конференц-залдар, серуендеуге және демалуға арналған ашық демалыс орнын салу жоспарланған.

Жаңа қонақүй кешенін жобалау кезінде барлық қажеттіліктер, соның ішінде қалыптасқан табиғи-сәулеттік ансамбль, қоршаған ортаны қорғау шаралары, демалушылардың қажеттіліктері ескерілген. Кешен аумағында, сондай-ақ бірнеше қоғамдық санитарлық тораптар, шұғыл медициналық көмек көрсету пункті, велопарковкалар, гаджеттерді қуаттауға арналған нүктелер және бейнебақылау жүйесі қарастырылған.

Ұлттық паралимпиада комитетімен ынты-

ТУРИЗМГЕ ТЫҢ СЕРПІН

2021 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша Алматыдағы туристердің жалпы саны 501,4 мыңнан астам адамды құрады



мақтастықта инклюзивті ортаны қамтамасыз ету үшін мұнда мүмкіндігі шектеулі адамдарды тасымалдауға арналған орындар, сондай-ақ кіреберістер мен лифтілерге кедергісіз кіріп-шығу жағы да қарастырылған.

Баршаға белгілі, 2020 жылы туризм индустриясы коронавирустық пандемиядан зардап

шеккен салалардың бірі болды. Дегенмен, ішкі туристер саны 422 мың адамды құрады. 2021 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша Алматыдағы туристердің жалпы саны 501,4 мыңнан астам адамды құрады, оның ішінде шетелдік туристер – 54,2 мың, ішкі туристер 447,2 мыңнан асты.

ШАҢҒЫ ТРАМПЛИНІ

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев «Сұңқар» трамплиніндегі жаңадан ашылған спорт кешенінен, бейімдеу орталығы мен жабық жүзу бассейнінен тұратын екінші кезектегі «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплинін аралады.

Жаңа спорт кешені 6 мың шаршы метрден астам жерді алып жатыр. Мұнда бірнеше спорт түрлері бойынша, мәселен: еркін, грек-рим және әйелдер күресі, казак күресі, бокс, дзюдо, таэквондо, мини-футбол, волейбол, баскетбол, гандбол және т.б. ауқымды іс-шаралар жүргізуге болады.

Спорт кешені 1285 орынға есеп-



«Сұңқар» түрлене түсті

Жаңа спорт кешені 6 мың шаршы метрден астам жерді алып жатыр

телген. Сондай-ақ, спорт кешені жаттығу үшін қажетті спорттық керек-жарақтармен толығымен жабдықталған. Спорт кешеніндегі 7 жолға арналған 25х16 метрлік жа-

бық жүзу бассейні әртүрлі су спорт түрлері бойынша халықаралық жарыстар өткізуге арналған.

Сонымен бірге, орталықта сауықтыру және демалу үшін үй-

жайлар, душ, массаж кабинеті, киім шешетін бөлмелер, медициналық кабинет, сауна және жаттықтырушы бөлмелері бар. БАҚ өкілдеріне арналған комментаторлық бөлмелер мен паркинг те қарастырылған.

Спорт кешенінің бейімдеу-жаттығу орталығында іс-шараларды өткізу үшін 108 бөлме, үш заманауи конференц-зал бар. Сонымен қатар, 500 орындық спортшыларға арналған диетологтың қызметтері бар кафе мен бассейні бар ашық жазғы алаңы бар.

Аталмыш жобаға 7,7 млрд. теңге инвестиция қарастырылса, Almaty Business 2025 кәсіпкерлікті дамыту өңірлік бағдарламасы аясында спорттық құрал-жабдықтар сатып алуға 84 айға жылдық 6%-бен 500 млн. теңге сомасында жеңілдікпен несие берді. Осы қаржыландыру аясында бассейнде аутист балалардың нұсқаушымен тегін жаттығуына да мүмкіндік жасалып отыр.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Қала тұрғындарының

98,5%-ы
орталық сумен
қамтамасыз етілген.



Шаһардағы денсаулық
сақтау нысандарын
жабдықтау көрсеткіші

91,5%-ға
жетті.



Жыл басынан бері

3761
мұқтаж отбасы
тұрғын үймен қамтамасыз
етілді.



Тәуелсіздік күні
қарсаңында аумағы

107,1 га
болатын жаңа саябақтың
құрылысы басталды.



2021 жылдың 10 айында
Алматының
туризм саласына

84,1 млрд.
теңге

инвестиция тартылған.



БРИФИНГ



БАСПАНАЛЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

Алматыда тұрғын үй құрылысының көлемі артты

2021 жылдың 11 айында коммерциялық құрылыс есебінен 13 322 пәтер және бюджет есебінен 1326 пәтер пайдалануға берілді



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджанов мәлімдеді. Оның айтуынша, пандемияның қиын кезеңінде пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі төмендеген жоқ, керісінше, 8%-ға өскен. Бұған бас сәулетші айтқан басқарманың мәліметтері дәлел бола алады.

Сондай-ақ, 10 мың шаршы метрден астам жатақхана және 2313 жеке тұрғын үй салынды. А.Ахмеджанов тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру Мемлекет басшысы қойған басым міндеттердің бірі екенін еске салды.

Спикердің мәлімдеуінше, жаңа тұрғын үйлер негізінен қалаға қосылған аумақтарда салынатынын, бұл «Жаңа Алматының» дамуына ықпал етеді.

Бас архитектор атап өткендей, жаңа тұрғын үймен бірге қалада әлеуметтік инфрақұрылым құрылып, мектептер мен балабақшалар салынуда. Қазіргі уақытта мегаполисте 12,5 мыңнан астам оқушы орнына арналған сегіз мемлекеттік мектеп салынуда. Оның үшеуін (5 мыңнан астам орынға) жыл соңына дейін тапсыру жоспарланған.

«Оқу жылының басынан бері 2656 орынды 13 жекеменшік мектеп ашылды. Жыл соңына дейін 8263 орынды 17 жапсарлас құрылыс салу жоспарланған болатын. Олардың 11-іне балалар партаға отырды. Осылайша жыл соңына дейін 16 мыңнан астам жаңа оқу орны ашылады», – деді А.Ахмеджанов. Сонымен қатар, Алматыда үш мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталды (360 орынды), 72 жеке балабақша (4,7 мың орынды) ашылды.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы–2050» Стратегиясында белгіленген «шетсіз қала» қағидатын ұстана отырып, тұрғын үй шаршы метрлерін заманауи мектептермен, балабақшалармен және денсау-

лық сақтау объектілерімен бірге енгізу міндетін алға қойған болатын.

Брифинг барысында Алмасхан Ахмеджанов жергілікті атқарушы органдардың ерекше бақылауында тұрған «нүктелі» құрылыс жағдайын шешу туралы да айтып өтті. Басқарма басшысы ҚР Президентінің тапсырмасын орындау аясында қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың бастамасы бойынша «Қаланың сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау ережелері» әзірленгенін еске салды. Әділет министрлігі 2021 жылдың маусым айында бекіткен құжат «нүктелі» құрылысты тоқтатуға мүмкіндік берді.

Алматының бас сәулетшісінің айтуынша, механизм «нүктелі» құрылысты болдырмауға және тиісті әлеуметтік инфрақұрылымы бар аумақтарды кешенді дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған. Ереже құрылыс салушыларды тұрғын үймен бірге әлеуметтік нысандар салуға заңнамалық түрде міндеттеуге бағытталған.

«Аула аумақтарында құрылыс салуға жол бермеу үшін бір адамға 10 шаршы метр ауланың нормасы енгізілгені маңызды, оның төрттен бір бөлігі жасыл желектерге бөлінеді. Дауларды болдырмау үшін жаңа Ережелерде халықтың тығыздығы тоқсандық құрылыс кезінде 1 гектарға 440 адамнан аспайтын, ал тарихи орталықта бір гектарға 300 адамнан аспайтын есеппен есептелетіні көрсетілген», – деді Алматының бас сәулетшісі. Сондай-ақ, құжат тұрғын аудандар мен шағынаудандардағы халықтың тығыздығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйлердің ұзын жақтары арасындағы алшақтықтың минималды мөлшерін анықтайды. 3–5 қабатты ғимараттарда – кемінде 20 м., 10–16 қабаттарда – кемінде 48 м., ал 17 және одан жоғары қабаттарда қашықтық 80 м.-ге дейін артады.

Бас сәулетші олардың ведомствосы жоба алдындағы құжаттаманы беру кезінде жаңа стандарттарды қатаң ұстануды жалғастырады деп уәде берді.

ҚҰҚЫҚ

Берік ЖҮЙРІКТАЕВ,
Алматы қаласының прокуроры:

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Алматы қаласының прокуроры Берік Жүйріктаев мегаполисте қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу және іске асыру нәтижелері туралы айтып берді.

Еске салайық, 2020 жылдың 1 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында органдардың өкілеттіктерін нақты бөле отырып, қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізуді тапсырған болатын. Атап айтқанда, дамыған елдердің үлгісі бойынша қылмыстық саланы жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес жаңғырту қажет. Нәтижесінде 2020 жылғы 31 желтоқсанның бастап қылмыстық процестің үш буынды моделіне кезең-кезеңімен көшу басталды. Біз еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласының прокуратурасында жаңа жүйенің қалай жұмыс істейтінін білу мақсатында қала прокуроры Берік Қуанышбекұлымен әңгімелескен едік.

– Берік Қуанышбекұлы, сіздер бір жылға жуық қылмыстық процестің жаңа моделі жағдайында жұмыс істеп отырсыздар. Оны жүзеге асыру нәтижелеріне көшпес бұрын, оқырмандарымызға оның негізгі мақсаттарын түсіндіріп өтсеңіз...

– Иә, біз осы модельдің бірінші кезеңі бойынша бір жылға жуық жұмыс істеп келеміз. Оның негізгі мақсаты – азаматтардың конституциялық құқығын қорғау және сотқа дейінгі тергеу сапасын жақсарту болып табылады. Бұл ретте жауапкершілік үш буынға жүктеледі: тергеу органы, прокурор және сот.

Қылмыстық қудалау органы қылмыстарды, қатысушыларды анықтайды, дәлелдемелер жинайды. Ал біз оларға баға береміз. Егер біз бұзушылықтарды байқасақ, оларға ден қоямыз. Дәлелдемелер жеткілікті болған жағдайда біз істі сотқа жолдаймыз, ол түпкілікті үкім шығарады.

– Қылмыстық процестегі жаңа енгізілімдердің артықшылығы неде?

– Басты ерекшелігі, прокурордың келісімінсіз процестің шешімінің заңды күші болмайды. Бекітуге және келісуге: «адамды күдікті деп тану», «іс-әрекетті саралау», «құқық бұзушылықты саралау», «тергеп-тексеру мерзімдерін үзу», «істі тоқтату», «қылмыстық теріс қылық туралы хаттама» және «бұйрықтық іс жүргізу» жатады. Бұл қылмыстық процесте қатысушылардың конституциялық құқығы бұзылуы мүмкін қылмыстық істер бойынша негізгі процестік шешімдермен тығыз байланысты болып келеді.

Бұрын прокурор, әдетте, оларды қылмыстық істерді қарау кезінде ғана тексерген. Яғни құқықтар бұзылған жағдайда прокурорлар «постфактум» арқылы араласты. Қазір біз уақытында ден қоя бастадық.

Тағы бір артықшылығы – процесті цифрландыру болып табылады. Барлық шешімдер электрондық форматта, «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі» жүйесінде келісіледі. Бұл ашық, ыңғайлы және уақытты үнемдейді. Құжаттарды бұрмалау мүмкіндігі жокқа шығарылады. Мұндай жүйе прокурор мен сотқа дейінгі тергеу органының жедел өзара іс-қимылын жақсартты. Сонымен қатар, бұл нақты уақыт режимінде тергеу барысын бақылауға және қадағалауға мүмкіндік береді.

– Үш буынды модельді енгізумен қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады?

– Өткен кезеңде біз сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының 55 мың негізгі



процестік шешімдеріне баға бердік. Күдікті деп тану және әрекетті саралау туралы 500-ден астам қаулы заңсыз деп танылды. Өткен жылы осындай 140 шешім ғана жойылған еді. Осылайша адамдардың едәуір бөлігін қылмыстық процесте негізсіз тарту фактілерінің алдын алынды. Мұндай тәсіл азаматтардың конституциялық құқығының бұзылуын 30%-ға төмендетуге де әсер етті.

Соттардың жеке қаулылары тергеу сапасының төмендігіне және органдардың іс-әрекеттеріне қатысты прокуратураға келіп түскен шағымдар саны екі есе қысқарды. Бұл қылмыстарды ең үлкен тіркеумен қатысты жағдай. Белгілі болғандай, Алматыда республика бойынша әрбір алтыншы қылмыстық іс тергелуде. Бұл бізге жаңа форматтың тиімділігі туралы көрсетуге мүмкіндік береді. Біз үшін жаңашылдықтарды қылмыстық процесте қатысушылардың өздері оң бағалағаны маңызды. Бізге адвокаттық қоғамдастық тарапынан қылмыстық істерді тергеу сапасын жақсарту туралы пікірлер келіп түсуде.

– Оларға тек прокурорлардың арқасында қол жеткізілді ме?

– Жок. Бұл әрбір құқық қорғау органының бірлескен жұмысы. Үш буынды модель осы процестің барлық буындарының жауапкершілігін арттырды. Біз мерзімінен бұрын және негізсіз шешімдерге жедел ден қоя бастадық, ал тергеу органдары оларды салмақты түрде қабылдай бастады. Біздің бәрімізде бір мақсат бар – ол қылмыстық процесте заңдылықты қамтамасыз ету болып табылады.

– Бұл модель әрі қарай қалай дамитын болады және прокурорлар бұған дайын ба?

– Модель жоспарлы түрде дамитын болады. Бірінші кезеңде ескере кеткеніміздей, негізгі процестік шешімдерді келісумен ерекшеленді. Оң өзгерістер көп. Осындай жағдаймен біз үш буынды модельдің екінші кезеңіне жеттік.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап прокурорлар аса ауыр қылмыстар бойынша, 2023 жылдан бастап сыбайлас жемқорлық бойынша, ал 2024 жылдан бастап барлық санаттар бойынша айыптау актілерін дербес жасауы тиіс.

Оқу және практикалық іс-шараларды біз қазірдің өзінде өткіздік. Енді тергеуші тергеуді дәлелдерді бағаламай-ақ тергеу нәтижелері туралы қысқаша қорытындымен аяқтайды. Қорытынды құжат прокурордың айыптау актісі болады. Бұл процесс прокурорлардың жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз бағалауын күшейтуге ықпал етеді және айыпталушыны сотқа бергені үшін жауапкершілікті арттырады деп ойлаймыз.

Әңгімелескен
Серік ЖҰМАБАЕВ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ӨЗГЕРДІ

Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысындағы көлік жолаырығы бойымен қозғалыстың ашылуына байланысты 19 желтоқсанда Рысқұлов даңғылы арқылы Немиров-Данченко көшелері бойынша толассыз қозғалыс жабылады.

Өтпе жол Кудерин көшесі мен Емцов көшесінде бұрылу жолымен жүзеге асырылатын болады. Бұдан басқа, шығысқа қарай Емцов көшесінің алдындағы Рысқұлов даңғылындағы бұрылыстар жабылады. Сонымен қатар, Абай даңғылының ашылуына байланысты Абай даңғылы мен Момышұлы көшесінің қиылысы бойындағы көлік қозғалысының қайта қаралатынын хабарлаймыз. Сонымен, батысқа қарай қозғалыс кезінде орталық жолақтар бойымен қозғалыс тек



түзу болады, ал шеткі жолақтарда қозғалыс, сәйкесінше, солға және оңға болады.
«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Берекет БАҚЫТЖАНҰЛЫ,
тарих ғылымының докторы,
ҚР ҰҒА академигі

1991 жылы 16 желтоқсанда Алматы қаласында 12 шақырылған Қазақ КСР Жоғары Кеңесі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылдады. Маңызды құжатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаны тұжырымдалды.

Ел ертеңін айқындаған тағдыршешті құжат

Бұл құжат – еліміз бен халқымыздың болашақ дамуын, ертеңгі тағдырын анықтаған аса маңызды, тарихи құжат болып саналды. Осы құжаттың қабылданған күні елімізде жыл сайын ең басты мемлекеттік мейрам – Тәуелсіздік күні ретінде аталынып келеді. Бүгін, яғни 2021 жылдың желтоқсан айының 16-сы күні Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толады.

Бұл тарихи дата – жай мерекелік дата ғана емес, сонымен бірге ел тарихындағы жаңа белесті кезеңге жол ашқан дата болып саналады. Еліміздің қазіргі заман тарихындағы Тәуелсіздік атты тарихи кезең осы датамен басталатыны белгілі.

Қазақ Елі тәуелсіздік жылдары танымастай өзгерді. Қазақстан Республикасы ғасырдың үштен біріндей уақыт ішінде саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамудың көрсеткіштері бойынша әлемге танылды және оны халықаралық қауымдастық таныды.

Қайта жаңғырған Қазақ мемлекеті

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне байланысты 2021 жылдың қаңтар айында «Егемен Қазақстан» газетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын жариялады. Онда ол: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», – деп тебірене жазған еді. Мемлекет басшысының «Қайта жаңғырған қазақ мемлекеті» деп жазғаны қазақ халқының ежелгі және орта ғасырларда өз мемлекеті болып, тарихтың бір кезеңінде оны жоғалтып алғанын, ал осыдан отыз жыл бұрын оны қайта құрып, жаңғыртқанын мензеп отыр. Сондай-ақ, «ата-бабаларымыз аңсаған азаттық» дегені тәуелсіздік үшін күрестердің ел аумағында бір ғасырдай уақыт бойы толастамағанын білдіреді. Одан әрі Мемлекет басшысы 30 жылдық тәуелсіздік дәуірін шартты түрде үш онжылдық кезеңге бөледі. Алғашқы онжылдыққа – «Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі», екінші онжылдыққа – «Қазақ елінің керегесін кеңейту», ал үшінші онжылдыққа – «шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналған», – кезең деп сипаттамалар береді.

Ұлт тарихын зерттеу: өркениеттік методология

Отыз жыл ішіндегі Қазақ Елінің қай салада болмасын жеткен жетістіктері орасан зор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жазғанындай, тәуелсіздігіміздің алғашқы он жылдығы еліміздің іргетасын қалау кезеңі болса, ұлт тарихын зерттеуде бұл онжылдықты шартты түрде ең алдымен, қоғамтану ғылымдарында ескі методологияның жойылып, жаңа, өркениеттік методологияның толық орнығуымен, жеңіске жетуімен ерекшеленеді.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығында жаңа методологияны ту етіп ұстаған тарихшылар Отан тарихының ең өзекті мәселелерін зерттеуді қолға алды. Осы жылдары ең көп қарастырылған тақырыптар – XX ғасыр басындағы еліміздегі қоғамдық-саяси қозғалыстар мен 1920–1930 жылдардағы Қазақстан тарихының саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелері; 1937–1939 жылдардағы жаппай саяси репрессия мен оның құрбандары; 30-жылдар басындағы елдегі аштық пен өлім, ұжымдастыруға қарсы көтерілістер мен бас көтерулер, Голощекиннің «кіші Октябрь» саясаты, Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы, Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметтеріне және тағы басқа осы кезеңнің мәселелеріне арналған тақырыптар.

Отан тарихының өзекті мәселелері

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі отандық зерттеушілердің отан тарихының өзекті мәселелеріне қатысты зерттеулері барысында алынған ғылыми нәтижелері мен олардың ұлттық сананы нығайтуға, байытуға тигізген



әсерлері мен ықпалдарын теңеу түрінде айтсақ, жылдар бойы шөліркеген шөл далаға нөсер жаңбырдың айлап жаууымен бірдей болды дейміз.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелер өте күрделі, шиеленісті болса да, мемлекет тарихтың рөлі мен маңызын түсіне келе, 1993 жылы алғаш рет ел үкіметі тарихи мәселеге қатысты арнайы қаулы қабылдап, «Орбұлақ шайқасының 350 жылдығын атап өту туралы» қабылдады. Бұл қаулы 1643/1644 жылғы қыс айларында аз санды қазақ әскерінің өзінен бірнеше есе көп жоңғарларды жеңіліске ұшыратқанын мерекелеумен қатар, тарихшыларымызға қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы тарихы мен тарихи тұлғаларын кең түрде зерттеуге серпін берді. Осы кезде қаншама бағырларымыз, билеріміз және тағы басқа тарихи тұлғаларымыз халқымен қайта қауышты.

«Мәдени мұра» – ұзақ мерзімге арналған ұлттық жоба

Тәуелсіздігіміздің екінші онжылдығында, яғни «Қазақ елінің керегесін кеңейту» кезеңінде ұлттық тарихтың дамуы «Мәдени мұра» бағдарламасымен тікелей байланысты болды. «Мәдени мұра» жобасы – ұзақ мерзімге арналған ұлттық жоба болып табылады. Оның мақсаты – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, шет елдердегі тарихи-мәдени жәдігерлерді қайтару және шет елдерде Қазақстан тарихы мен мәдениетін насихаттау.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға еліміздің жетекші тарихшы мамандарының барлығы белсене атсалысты десек, артық айтқандық емес. Осы жылдары ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізге қатысты 78 ескерткішке реставрациялық жұмыстар жүргізілген. Шет елдерге ғылыми-зерттеу экспедициялары жасалып, нәтижесінде 5 мыңнан астам ұлттық тарихқа, Қазақстан өнеріне қатысты құнды архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды. Сонымен бірге, 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілген екен.

Ал енді Тәуелсіздігіміздің үшінші онжылдығы – «шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналған» кезең болса, ұлттық тарих ғылымы да осы кезеңде еліміздегі қоғамдық ой-сана мен пікірді анықтайтын қуатты ұлы күшке айналды.

Ғылыми ізденістер, тың серпіндер

«Халық тарих толқынында», «Мәңгілік ел» идеясы, «Рухани жаңғыру» атты мемлекеттік бағдарламалар біріншіден, тарихшыларымызды мемлекеттік идеология мен рухани бағыттағы саясатты жүзеге асыруға жұмылдырып, олардың ғылыми ізденістеріне тың серпіндер берсе, екінші жағынан тарихшыларымыздың ұлт тарихын зерттеудегі ғылыми жұмыстарына қолдау көрсетуге бағыт. Қазақ хандығының құрылған датасын, яғни 550 жылдығын атап өтуге ерекше көңіл аударды. Арнайы үкімет қаулысы шығып, үкіметаралық комиссия құрылды, жасал-

ған жұмыс жоспарына сай елімізде 2015 жылы мемлекеттік мерекесі болды деуге болады. Осы мерекенің ғылыми жағын атап өтуде тарихшыларымыздың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Біз де осы мерекені атап өтуге белсене атсалысқанымызды қуанышпен еске аламыз. Мен өзімнің ұзақ жылдар бойғы Қазақ хандығының тарихына қатысты зерттеулерімнің нәтижелерін бірнеше монография етіп жарыққа шығардым («Қазақ хандығының құрылу тарихы»). Жалпы алғанда, елімізде 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу ұлттық сананың нығайып, ұлт бірлігінің өсе түскендігін көрсетті. Ал 2020 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстанда «әлемнің екінші ұстазы» атанған Әл-Фарабидың 1150 жылдығы, Алтын Орданың – 750 жылдығы және Абайдың 175 жылдығы кең көлемде атап өтілді. Тарихшылар, оның ішінде тарихшы мамандар Алтын Орданың 750 жылдығын атап өтуге құлшына кірісті. Алдымызда Ақ Орда хандығының, Жошы Ұлысының, Түрік қағанатының тарихи даталары тұр. Оларды да атап өту үшін алдымен үлкен ғылыми зерттеулер қажет.

ТҮЙІН:

Осылайша жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, төмендегідей тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, тоталитарлық жүйенің соңғы жылдарында қоғамдағы үстем идеологияның тоқырауға ұшырап, құлдырай бастауы Тәуелсіздікке жақындатса, гуманитарлық ғылымдар үшін жаңа методологияларды іздеуге мәжбүр етті. Кеңестер Одағының күйреуі Тәуелсіз Қазақстан Республикасын дүниеге келтірді, сондай-ақ маркстік-лениндік методологияның шынайы түрде тарихи зерттеулерге жарамсыз болуы қалыптасқан жаңа жағдайларға сай, оның сұраныстары мен талаптарына жауап бере алатын жаңа методологияны – өркениеттік методологияны қолданысқа енгізді.

Екіншіден, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық тарихы мен Ұлттық тарихымыздың осы тәуелсіздік жылдарындағы дамуы өзара байланыста қатар жүрді деуге болады. Биліктің қайнар көзі халық болса, халық санасының өсуі, нығаюы тарихпен, ұлт тарихымен байланысты. Тәуелсіздігіміздің әр он жылдығында мемлекетіміздің іргесі қаланып, керегесі кеңейіп, шаңырағы биіктеп жатса, осының бәріне ұлт тарихының қосқан үлесі өлшеусіз дер едім.

Үшіншіден, Мемлекет пен тарих бір-біріне өте қажетті ұғымдар дер едік, біріншісінің қалыптасуы, нығаюы үшін екіншісі аса қажет. Ал екінші ұғымның дамуы біріншінің тікелей қолдауынсыз жүзеге аспайтынына көзіміз жетіп отыр. Тек өзара үйлесімділік қана барлық жеңістердің кілті болып саналады.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Арман ЖҮДЕБАЕВ,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры:

«Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды»

Жас мемлекетіміздің іргелі елге айналуына Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың орасан зор еңбек сіңіргені белгілі. Оның көрегенділігі мен ел басқарудағы тәжірибесінің, әлемдік саясаттағы дұрыс ұстанымдарының арқасында тәуелсіз еліміз қарыштап дамып, қазіргі таңда әлем таныған Қазақстанға айналып отыр. Әрине, мұндай жетістіктерге жетуде оны қолдаушы халқы мен әртүрлі сала мамандарының үлесі де зор. Өсіресе, Елбасының ең маңызды шешімдерінің бірі – әлемдегі төртінші ядролық қару арсеналына ие бола тұра, одан бас тарту, еліміздің жаһандағы бейбітшілік жаршысы деген атқа ие болуына ықпал етіп, расында да адамзат үшін ең жойқын зардап әкелуші жаппай қыратын қарудың дамуына тосқауыл қоятын үлкен қадам болғаны баршаға аян.

«Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды» дейді бабаларымыз. Қай заманда да халқымыз үлкенді сыйлап, олардың даналыққа толы өсиеттерін орындап, болашаққа бағыт алып отырған. Әуелден мекен еткен ата қонысымыз, осынау ұлан-ғайыр жерді жанкештілікпен қорғап, бізге аманаттап, сондай-ақ адамгершілік пен мейірімді, достық пен адалдықты, ұят мен намысты, ынтымақ пен бірлікті ар еткен озық дәстүр қалдырған ата-бабаларымыздың тектілігі мен ерлігінен асқан үлгі жок бізге. Тәуелсіздік – бізге сол бабаларымыздың жасаған ерліктері мен еткен дұғаларының беделіне берілген Жаратқанның сыйы. Ендігі жерде оны сақтап, баянды ету – бізге жүктелген міндет.

Болат САДЫҚОВ,
мәслихат депутаты,
Nur Otan фракциясының мүшесі

Бағы мен бақыты

Көк Байрағы желбіреген Отанымыз Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын атап өтуде. Осы тарихи қысқа мезетте еліміз біраз қиындықты еңсеріп, дамудың даңғыл жолына түсе білді.

Ашық аспан астында Көк Тудың желбірегенін көріп жүрген біздің ұрпақта арман жоқ. Басты мақсатымыз – тәуелсіздік байрағына барынша бекем болып, аянбай еңбектеніп,



еліміздің және Алматының дамуы мен көркеюіне үлес қосу. Мемлекетімізді дүние жүзі

Ұлжан БАЙБОСЫНОВА,
жыршы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Бірлік пен татулықтың кепілі

Тәуелсіздіктің мағынасы тереңде жатқаны мәлім. «Біз Тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын», – деді Елбасы күні кешегі «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласында.

Мақалада көрсетілгендей, қаз тұрып, қадам басқан Қазақстан осынау 30 жылда шекарасы шегенделген, атом қаруынан бас тартып, әлем алпауыттарын ядролық қарусыздану көшінде бастаған, 130-дан астам ұлт



Төлеуғали ТАЙТУЛЕЕВ,
Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжінің директоры

Мұрат пен мүдде үйлесімі

Ұлы қуаныш қарсаңында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласы жарияланды. Мақалада Нұрсұлтан Әбішұлы өткен күндерді шолып, 30 жылда атқарылған істерге тоқталады. Халыққа алғысын айтады.

«Мен 30 жыл бойы халқымды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, қайранға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты.



Жаңа Елордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын. Шекараны шегендемей тәуелсіздік деу шикілік. Өлі күнге жер даулап жауласып жүрген елдер бар. Бірақ қазақта қазір бұл

танып, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегі мен сындарлы саясатының арқасында саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени-рухани жетістіктерге қол жеткіздік.

Сонғы екі жыл еліміз үшін ғана емес, бүкіл әлемді алаңдатқан кез болды. Коронавирус індеті қоғам бірлігін одан сайын арттырып, жанашыр болуға үйретті. Бүгінгідей ел басына қауіп төнген сәтте күн санап өршіп келе жатқан жаһандық індетпен күресіп жатқан дәрігерлердің адал еңбегі мен қайтпас қайсарлығын атап өткен жөн.

Қиындықтарды еңсеріп, еліміз үлкен жетістіктерге жететініне сенімдімін. Тәуелсіздік – біздің мәңгілік басты құндылығымыз, халқымыздың бағы мен бақыты.

пен ұлысы бір шаңырақ астында тату өмір сүретін, БҰҰ, ЕЫҚҰ секілді ұйымдарға жетекшілік етіп, ЭКСПО өткізген елге айналды. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап Елбасы жариялаған «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығы – бұл бағдарламалардың әрқайсысында бірлік пен татулықты сақтап, тарихымызды қастерлеп, жерімізді қорғап, отбасылық құндылықтарымызды арттырып, мәдениетімізді тереңнен танып, рухани жаһанданды арттырып, білім алып, бәсекеге қабілеттілігімізді өркендету мәселелеріне басты назар аударылды.

Мұның бәріне Тәуелсіздік жолында жан аямай елі, жері, Отаны үшін Елбасымыздың «күндіз бел жазбай, түнде ұйықтамай» еткен ерлік жолдары айқын дәлел.

жағынан проблема жоқ», – деді Тұңғыш Президентіміз.

Сондай-ақ, «Диірменнің тасындай дөңгеленген дүние» бір орнында тұрмайтыны белгілі. Президент ауысады, бірақ Тәуелсіздік мәңгілік болуы керек. Әр қазақстандық алдағы уақытта оның тұғырын нықтап, еңсесін тіктеп, абыройын асыруға қызмет етуге тиіс. «Мәңгілік ел» идеясының түпкі мақсаты осында. Ең бастысы – еліміз аман, ұрпағымыз азат. Біз алақанға салып өсірген сол азат ұрпақ ендігі жерде «Мен Қазақстаныма не беремін?» дегенді ойлауы керек», – деп толғанады.

Тәуелсіздікке берік іргетас болып қаланған бабаларымыздың асыл мұраты – ерлік пен елдігімізден күш-қуат алып, әрдайым алға баса берейік, ағайын!

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Қасиетті де қастерлі күн

Тәуелсіз Қазақстан тарихының тұңғыры биік болуына бар күш-жігерімізді арнау – бәріміздің борышымыз

Ен далада есіле, кең далада көсіле ғұмыр кешкен Ұлы дала елінің басына күн туса, толарсақтан саз кешкен батырлар, ертеден шапса, кеште озған, ылдидан шапса төске озған ақындар жүріп өткен сартап жолдарды жас ұрпаққа әйгілеп тұрған суреткер дала қандай ұлы, қандай сәулелі десенші. Атырау мен Алтай арасындағы көз тартар шалқар дала ала қозыдай құлпырады дерсің. Мұндай сұлулықты еншілеген қазақтың маңдайының бағы бес елі. Көз жетпей жақындаған сайын алыстайтын тарлан таулары, еңку-еңку жерлері, керімсал сылқым желі, асқар белі, ұлан-ғайыр атырабы, бәрі-бәрі жан-дүниенді өрекітіп, бойынды мақтаныш кернейді.

Ұлы даланың ұлы күні туды. Ұлт тарихының алтын әріптермен жазылатын ұлы да ұлықты сәті жетті, қастерлі ел! Қазақ елінде азаттықтың ақ таңы атып, жұлдызы жарық түні туды. Тәуелсіз елдің тұмары ел деген алып бәйтерекке тағылды. Тамырын тереңге жайған қарт тарихтың тағы бір жаңа беттері ашылды. Көк аспанда шарықтап ұшқан қыран алтын күннің астында қанатыңды еркін жаятын сәтің жетті. Ұлтым деп боз інгендей боздаған ел жанашырларының сенімі ақталды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында Елбасының еселі еңбегі, орасан зор төккен тері-том-том кітапқа жүк болар қасиеттер. Ен-



сесі түскен елдің кеудесінің тік ұстауына, өз болашағына жарқын көзқараспен қарауына, елдің қаймықпай, әркімнің есігінің алдында құл болуынан сақтайтындай сарабал саясат құра білу, бәлкім, Жаратушының бойына дарытқан қасиетін тұншықтырмай, ердің азаматтық борышын шамадан тыс орындауы шығар.

Ұлттың салықалы саясатына тұжырым жасауда автордың қызыл сөзбен әсірелеуден гөрі, таптық-идеологияға жол бермей,

асыра сілтеп көркемдеуден гөрі елдің нақты жеткен жетістіктері, ізденістері мен іркілістерін сараптауы, қайткен де дамушы елдің қатарынан бой көрсетіп, қазақ елі дегенде басқа жұрттың тамсанып тұруы үшін ой елегінен өткен қорытындыларын жасайды. «Адам қайда жүрсе де, туған бойдан, ана әлдің ести сала, өзін қазақпын, орыспын, украинмын, грузинмін, өзбекпін деп сезінеді. Адамның ол сезімін қандай үлкен қа-

либрлі идеологиялық снарядпен атқыласаң да, бәрібір құрта алмайсың» дей келе, автор ұлттық ерекшеліктің қалыптасуы құбылыс екенін сипаттай келе, ол қасиеттердің қанмен келгенін түсіне отырып, оған толеранттылық танытуымыз керек екендігін айтады. «...ұлттық-мемлекеттік бірегейлік, тілдік, мәдениеттік және аумақтық тұтастық, тіпті, ол аз десеңіз, бір кездегі мемлекеттіліктің, белгілі бір жұрнақтары жұртшылық санасында бұрынғысынша сақталып қалады» демекші, ұлттардың арасындағы мызғымас бірліктің болуы ел келешегінің кемел, болашағының жарқын болуының басты көрсеткіші және оның жұртшылық санасында сақталып қалатындығын танытады.

Сөзімді түйіндей келе, қазақ елі – ұлы халық, ата-бабаның асқақ намысымен, адал аналардың ақ сүтімен дарыған қастерлі қасиеттер сіңген халық. Сол халықтың бірден-бір бірлігінің берекесі – Елбасының Тәуелсіз Қазақстанға сіңген еңбегі еш уақытта ұмытылмайды. Сана төрімізде алтын әріптермен жазылатын ерен ерлік. «Біздің алдымызда төл тарихымызды қалпына келтіріп, оның жетістігі мен кемшілігін, жеңістері мен жеңілістерін барша шындығымен көрсету міндеті тұр», – деп жазғанындай, ұлт тарихын қалпына келтіріп, оның ізденістері мен іркілістерін, жоғымызды тауып, ұлысымыздан шығып қалған жәдігерлерімізді қалпына келтіру, Тәуелсіз Қазақстан тарихының тұңғыры биік болуына бар күш-жігерімізді арнау – бәріміздің борышымыз.

Сәуле ЕРЖАНОВА,
профессор.



ЖЕЛТОҚСАН-35



Ұлттық, мемлекеттік деңгейде аталып өтетін айтулы күнді жырға қосқан ақын да, әнге қосқан сазгер де аз болған жоқ.

ЕЛ ЖАДЫНДА САҚТАЛҒАН ӘНДЕР



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазақ даласын әуезді сазға бөлеген түрлі жанрдағы әндер көп-ақ. Солардың ішінде дәл осы Желтоқсан көтерілісіне арналған шоктығы биік үш ән бар. Кейінгі жастар білмесе де, бұл әндерді аға буын жақсы білері сөзсіз. Тіпті, көпшілік жатқа айтады десек те қателесе қоймаспыз.

Көзіқарақты оқырман өзі де байқаған болар, Желтоқсан оқиғасы аталып өтер тұста Әбиірбек Тінәлиевтің «Желтоқсан желі» әні теледидар мен радиодан жиі орындалады. Ақын Әбдірахман Асылбековтің сөзіне жазылған аталмыш туынды Алматының қақ ортасындағы алаңдағы қанды қырғын болған үш күннің екінші күні, яғни 1986 жылдың 17 желтоқсанында туған. Әннің қаралы күндерді көз алдына әкелетін, жүрек сыздатар әсерлі бейнебаяны да бар.

Исраил Сапарбай ағамыздың «Қазақ қызы» өлеңі де көпшілік жылы қабылдаған, шоктығы биік туынды десек, артық айтқандық емес. Қазақ қыздарының гимніне айналған ән күні бүгінге дейін сахнадан ғана емес, түрлі жиын-тойларда шырқалып жүр. Тыңдарман жүрегіне жол тауып, халық арасында кең тараған шығарма қазақ қыздарының қайсарлығы мен өрлігін дәріптеп, мадақтайды. Әннің сөзін ақын алаңға жиылған жастардың тең жартысы қазақ қыздары болғанын өз көзімен көргеннен кейін жазған. Ал оның шығу тарихы жөнінде сазгер Рамазан Тайманов сұхбаттарының бірінде былай баяндайды: «1986 жылы – Чайковский атындағы Алматы музыкалық училищесінде оқып жүрген шағым. Желтоқсан көтерілісі кезінде студенттер алаңға шықтық. Ләззат Асановмен бірге оқитынбыз. Ол көтерілістің құрбаны болды. Бұл – енді бөлек әңгіме. Айтайын дегенім, келесі жылы ЖЕНПІІ-де Нұрлан Өнербаевпен кездесу өтті. Сонда әнші «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деп басталатын өлең оқыды. Өлең ұнап қалды. Нұрланға қолқа салып, сұрап алдым. Негізі, әу бастағы тақырыбы «Желтоқсан айынан кейінгі ой» екен. Сөзін Исраил Сапарбай жазған. Желтоқсан көтерілісі кезінде қазақ қыздарының қайсарлығына, өжеттігіне куә болғаным бар, соның әсерінен кейін «Қазақ қызы» деп ат қойып, ән шығардым. Бір жолы Мұхтар Шаханов: «Сен қазақ қыздарының гимнін шығарғаныңды білесің бе?» деген еді. Бұған кәдімгідей қуанып қалғанмын сонда».

Көбінесе 16 желтоқсан қарсаңында шырқалатын әннің бірі – «Қара бауыр қасқалдақ» әні. Желтоқсанның ызғары сезіліп тұратын тағдырлы әннің мәтінін қазақтың белгілі ақыны Есенғали Раушанов жазған. Ал оны әнге қосқан – сазгер Лесбек Аманов. Ән тоталитарлық жүйеге қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерін бейнелейді. Көпшілік алғашында бұл әннің мағынасына түсінбей, әсіресе, той-томалақтарда билеген кездері де болған деседі.

Бүгінгі күнге дейін Желтоқсан оқиғасына арналып жазылған мақалалар мен жарық көрген кітаптарда шек жоқ. Оқиғаны суреттейтін азалы өлеңдер де, зарлы әндер де жетерлік. Олар әлі де жазыла беретініне еш шүбә келтірмейміз.

Қарап отырсақ, Желтоқсан көтерілісіне арналған алғашқы әндерге де быыл 35 жыл толыпты. Жалпыхалықтық әнге айналып кеткен мұндай рухты шығармалар ел жадынан ешқашан өшпек емес, өшпейді де.

(Мәліметтер ашық дереккөздерден алынды).

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЖУРНАЛИСТИКА МЭТРИ

«Құрмет» орденімен марапатталды

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі қарсаңында еліміздің өркендеуіне үлес қосқан танымал тұлғалар мен еңбек адамдары Мемлекет басшысының Жарлығымен марапаттарға ие болған еді. Марапат иелерінің арасында «Almaty akshamy» газетінің Шығармашылық даму жөніндегі кеңес мүшесі, тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев та бар.



Рая
ЕСКЕНДІР

Ұлағатты ұстазымыз «Құрмет» орденіне ие болды. Журналистиканың майталманы қазақ білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ұлттық университетте жарты ғасырға жуық абыроймен еңбек етіп, мыңдаған шәкірт дайындады. Осынау еңбек жолында қатардағы оқытушыдан бастап, кафедра жетекшісі, Журналистика факультеті деканының орынбасары, факультет отырған Қазақстан Журналистика академиясының құрылғанына 20 жыл толса, оның мүшелерінің өзі мыңдап саналады. Ерен еңбек несі Сағымбай Қозыбаевтың шәкірттері тек өз елімізде емес, Куба, Вьетнам, Лаос, Пәкістан, Сингапур, Ауғанстан сияқты шет мемлекеттерде де абыроймен еңбек етіп жүр.

КИНОКЕҢІСТІК

«БҰЛБҰЛ»

Роза Бағланованың өмірі жайлы тарихи драма экранға шығады. Жақында Алматыда әйгілі әншінің туыстары мен достарының қатысуымен жабық көрсетілім өтті. 2022 жылдың 1 қаңтарында әншінің туғанына 100 жыл толады.



Әсел
ДАҒЖАН

«Бұлбұл» телехикаясы – ұлы тұлғаның өмірінен сыр шертетін заманауи байопик канондарына құралған биографиялық картина. Роза Бағланова өмірінің негізгі тұстарын ашатын тарихи бөлімі де бар. Шығармашылықтан тыс өмірі де көрсетілген. Роза Тәжібайқызының іссапарлары мен әншілігінен бөлек белсенді азаматтық ұстанымы да бар болатын. Арал теңізі мен Семей полигоны мәселелері жайлы жиі айтатын.

– Карантинға байланысты түсірілімді кейінге шегеріп жүрдік. Бірақ ештеңеге қарамастан сериалды Ташкентте де, Минскіде де, Алматыда да түсірдік. Декорация, сахналық костюмдер тандау және безендіру бойынша көп жұмыс жасалды.



Тіпті, базар аралап, әжелерден сатып алып та жүрдік, – деді бас продюсер Гүлнұр Мамасарипова.

Жоба режиссері – Санжар Омаров. Оператор – Қаршыға Оспанов. Басты рөлдерде – Зарина Жәкенова және Дархан Сүлейменов.

КӨРМЕ

Алматыда белгілі қылқалам шебері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Марат Тұрғымбайдың Ел Тәуелсіздігі мерекесіне арналған «Азаттық. Атажұрт. Алматы» атты жеке шығармашылық көрмесі өтті.



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Танымал өнер иесінің көрмеге қойылған әрбір туындысынан даланың исі, қазақтың рухы аңқып тұрғандай. Туындылары терең мағыналы әрі оның еркін қалам иесі екендігін аңғартады. Мәселен, қылқалам шеберінің өзіне тән басты қасиеті – халқының құндылықтарын қалам тілімен безбендеп, суреттерімен сөйлете білетіндігіне көрермен тағы да куә болды. Көрмеге суретшінің әр жылдардағы туындылары қойылған. Бояуы қанық, ойы анық туындыларға қараған жан оның айтар ойын бірден аңғарары сөзсіз. Өйткені, Марат Тұрғымбайұлы қылқалам тілімен ұмытыла бастаған салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты түгел қамтып, туған жері мен өскен ортасын, орман-тоғай, ордасын бейнелейді.

– Бүгінгі көрмені ұлық мерекемізге тарту ретінде өткізіп отырмын. Әрі менің шығармашылығымды қадағалап отыратын көрермендеріме есеп беру іспетті десем де болады. Көрмеге ертеректегі жұмыстарымды да қойдым. Өйткені, мен үшін әрбір туынды – перзентім сияқты. Оларды бөле-жара қарамаймын, – дейді қылқалам шебері.

Көрме төрінен орын алған қазақтың ұлы ақыны Абай, Тұңғыш Президент – Елбасы бейнеленген «Бірінші», «Дүбірлі Астана», «Опера театры», «Тоғызқұмалақ», «Іле Алатауы», «Туған жер», «Ауыл таңы», «Ұлы көш», «Көлсай», «Асанәлі», «Сағыныш», «Мажарстан даласы», «Армения», т.б. туындылар көрменің көркін кіргізіп, көрерменіне қуаныш сыйлады.

«АЗАТТЫҚ. АТАЖҰРТ. АЛМАТЫ»



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Аманқос АҚАНАЕВ,
суретші:

– Кезінде Марат Тұрғымбайұлы сурет училищесіне оқуға келген кезінде қабылдаған да өзім едім. Ол кезде 15-16 жастағы бала еді. Соған қарамастан, салған суреттерінен ерекшелікті, өзіне тән шеберлікті байқадым. Сол үмітім алдамапты. Талабының, талантының арқасында талай биікті бағындырды. Талай мемлекетте болып, көрмесін өткізіп жүр. Қарапайым мінезі мен қылқаламы үндескен шедеврге Қазақстан Республикасының Көркем академиясының «Ұлы даланың тарланы» медалін табыс ету үшін арнайы келіп отырмын. Бұл марапат кез келген суретшіге беріле бермейді.

Тілеуберді БИНАШЕВ,
мүсінші:

– Біз Марат екеуіміз училищеде бірге оқыдық. Ол кезде Өнер академиясы деген болған жоқ. Біз кілең мықты ұстаздардан білім алдық. Сол алған білімі мен жинаған тәжірибесін жастарға үйрету үшін Марат бүгінде оқытушылықты да бірге алып жүр. Танымал суретшінің басты қасиеті – оның еркіндігі. Ол өзі қалаған бояумен-ақ айтар ойын жеткізе біледі. Сонымен қатар, Мараттың мықтылығы – бір емес, бірнеше жанрды қамтиды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

«ҚАР ХАНШАЙЫМЫ» – цирк аренасында

Алматыдағы Қазақ мемлекеттік циркінде «Қар ханшайымы» ертегісінің жаңажылдық қойылымы жүріп жатыр. Қалың көрерменнің назарына ертегінің атасы атанған дат жазушысы Ганс Христиан Андерсен туындысының желісімен қойылған керемет шоу ұсынылды.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Мерекелік қойылымның алғашқы күні-ақ циркке келушілердің қарасы өте көп болды. Көпшілік циркті сағынып қалса керек, өйткені пандемияның салдарынан екі жылға жуық цирк өнерпаздары көрерменмен қауыша алған жоқ. Алайда, мемлекеттік цирктің басшысы Бақыт Бөкебаевтың айтуынша, цирк қызметкерлері карантин кезінде де, тіпті үй жағдайында да дайындықтарын бір күн де тоқтатпаған.

«Цирк өнерпаздары спортшылар секілді, олар үнемі формаларын сақтап, жаттығуларын жасап, үнемі бабында жүруі керек. Сондықтан цирктегі әр қызметкер өзінің саласы бойынша кестеге сәйкес жұмыс істеді. Пандемия кезінде біз тынбай еңбек еттік, бағдарламалар әзірледік, жұмыстарымыздың видеонаұсқасын халықаралық жарыстарға жібердік. Соның нәтижесінде 4 халықаралық байқауға шақырту алдық. Цирктегі ең басты нәрсе – трюк. Трюкті шебер жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Міне, шетелдік байқаулар осыған мән береді. Дүние жүзінің цирк артистері Монте Карлодағы цирк байқауына қатысуды армандайды. Ал біздің Настя Демидова сол байқауға қатысып қана қоймай, күміс жүлдені қанжығалап қайтты. Осыдан-ақ Қазақ мемлекеттік циркінің деңгейін көруге болады», – дейді цирк басшысы.

Биылғы жаңажылдық қойылымға «Қар ханшайымы» ертегісінің таңдалуы тегін емес.

Өйткені, жаңа жылда үлкен де, кіші де ертегіге сенгісі келеді. Әсіресе, ақ пен қара күштердің айкасы, зұлымдықты мейірімнің жеңуі секілді сюжетке құрылған ертегілер қашан да өзекті. Оның үстіне ертегі цирк тілінде өте тартымды етіп ұсынылса, тіпті тамаша!

«Қар ханшайымы» ертегісін қазіргі бүлдіршіндер мен мектеп жасындағы балалар аса біле бермейді. Балалар жаппай гаджеттерге тәуелді заманда жас буынды қызықтыратын дүние ұсынудың өзі оңай емес. Ал Алматыдағы мемлекеттік цирк ұжымы кішкентай көрермендерінің көңілінен шыға білді. Бұрыннан халыққа жақсы таныс шығарманы цирк өнерімен қабыстырып, үйлестіріп, қазіргі буынның қабылдауына лайықтап ұсыну – үлкен еңбек.

Қойылымды сахналауға 50-дей өнерпаз қатысты. Олардың арасында халықаралық деңгейдегі тәжірибелі артистер де, өнер жолын енді бастаған студенттер де, дебюттік рөлін ойнаған жас өнерпаздар мен көзін ашқалы циркте өсіп келе жатқан балақайлар да бар.

Жаңажылдық ертегідегі Қар ханшайымының рөлін цирк өнерінің халықаралық фестивалдерінің бірнеше дүркін жүлдегері, актриса, каскадер Альфия Күнгожинова сомдады.

«Маған кішкентай балалармен бірге өнер көрсету қатты ұнайды. Олардың шынайы эмоциясы шабыттандыра түседі. Көрермен балалардың жүзіндегі таңданысты, қуанышты көрген кезде, олардың қолпаштауын сезінген кезде өзімді ең бақытты жан сезінемін», – дейді Альфия.



Жалпы, цирк өнері атадан балаға берілетін мұрагерлік өнер деуге де болады. Оған дәлел – ертегідегі бас кейіпкерлер Кай мен Герданы ойнаған цирк өнерпаздары 7 жастағы Данат Досбатыров пен Анастасия Демидова. Екеуі де цирк артистерінің отбасында дүниеге келген, циркте өскен балалар.

Кішкентай Данат Досбатыровтар әулетінің үшінші буыны. Ол 4 жасынан бастап цирк өнерімен, әуе гимнастикасымен айналысады. Данаттың атасы ҚР еңбек сіңірген қайраткері Құрманғали Досбатыров циркте 50 жыл бойы жұмыс істеп келеді. Қазір цирк корифейі әуе акробатикалық жанрдағы әртістерді дайындайды. Кішкентай өнерпаздың әкесі де циркте қызмет етеді.

«Жаңажылдық қойылымға әкем, атам, бәріміз бірге дайындалдық. Ертегі өзіме қатты ұнады. Болашақта цирк артисі, атақты гимнаст болғым келеді», – дейді Данат Досбатыров.

Жаңажылдық ертегідегі Герданың рөлін ойнаған Анастасия Демидова – Бүкілресейлік «Цирк ханшайымы» фестивалінің қола тәжінің иегері, Монте-Карлода өткен IX «Жаңа ұрпақ» халықаралық цирк өнері фестивалінің күміс жүлдегері, Демидовтар әулетінің цирктегі өнерін жалғастырушы.

«Қар ханшайымы» қойылымында демінді ішке тартып отырып көретін әуе акробаттарының өнері, түрлі фокустар көрсеткен сиқыршылар, аттың құлағында ойнайтын шабандоздар, үйретілген аттар мен аю, ешкі, иттер тамаша өнер көрсетіп, көрерменді қуанышқа бөледі. Сценарийі бай, сюжеті ерекше, бояуы қанық, көріністері көз тартарлық, құпияға толы ертегінің қызықты болғаны соншалық, екі сағатқа созылған қойылымды балалар тырып етпестен тамашалады.

Алматылық көрермен үшін жаңажылдық бағдарлама 2022 жылдың 9 қаңтарына дейін ұсынылады.



Бақыт БӨКЕБАЕВ,
Қазақ мемлекеттік циркінің директоры:

– Цирктегі қойылымдардың сценарийін өзім дайындап беремін. Мәтінді, ондағы өлеңдерді қазақшалап, үйлестіріп, мағыналы болуын қадағалаймын. Бұрын цирктің қойылымдар үнемі орыс тілінде қойылып келді, қазір қазақ және орыс тілдерінде жүреді. Көрерменді алаламауға тырысамыз. Мемлекеттік тілде қойылым қоюды парызымыз деп білемін. Ертегіні драматургияда, операда қою оңайырақ, өйткені драматургтың дайын жұмысы бар. Ал циркте драматургияны аренадағы артистердің трюктері мен хайуанаттардың өнерімен байланыстыру керек. Белгілі бір сценарийге құрылған қойылым мен цирк өнері арасында үндестік болмаса, бұл өнер болмайды.

Айша НҰРЖАНҚЫЗЫ,
11 жастағы көрермен:

– «Қар ханшайымы» ертегісі маған қатты ұнады. Бұрын бұл ертегіні маған анам оқып берген еді, сосын мультфильмін көргенмін. Цирктегі ертегі сәл өзгешелеу, бірақ өте қызық болды. Әсіресе, сиқыршы қыздың 2 секундта киімдерін тез-тез ауыстырғанына таңқалдым. Сосын кішкентай Кайдың әуеде қалықтап өнер көрсеткені тамаша болды. Ал Настя сондай сүйкімді қыз екен. Қар ханшайымының образы ұнады.

Алдияр мен Мадияр,
9 жастағы көрермендер:

– Бізге аттың үстінде отырып неше түрлі трюк жасаған қыздар мен жігіттердің өнері ұнады. Олар ештеңеден қорықпайтын ержүрек екен. Аттар да керемет үйретілген. Циркке кішкентай кезімізде келген едік. Ол кезде онша түсінбеппіз. Цирк деген тура спортшыларды дайындайтын орын секілді. Өкенде цирк өнерпазы болғымыз келеді.

«АИДА» қайта оралды

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Дж. Вердидің «Аида» операсының жабық көрсетілімі мен бас кейіпкерлермен баспасөз конференциясы өтті. Опера қалың көрерменге 15 желтоқсанда жол тартты.



Динара
МҰРАТ

Абай атындағы ҚазҰОБТ-да бұл шығарманың қойылмағанына бес жыл болыпты. Қазір қоюшы-режиссер Ләйлім Имангазина мен қоюшы-суретші Вячеслав Окунев бастаған шығармашылық топ сахнада біздің дәуірімізге дейінгі екі мың жыл бұрынғы Мысыр перғауындары мен жауынгерлерінің әлемін қайта жандандырды.

«Мысырлық мифология жылдан-жылға түрлі теориялар мен болжамдармен толықтырыла түсуде. Ежелгі өркениеттің асқақ жетістіктері сырттан келген күштермен, өзге ғаламшар ықпалымен жасалды деген де ойлар бар. Сондықтан бізге спектакльмен жұмыс жасау кезінде екі өркениеттің – Ежелгі Мысыр мен фантастикалық әлемнің тоғысу стилистикасын пайдалану қызықты болып көрінді. Біз ежелгі артефактілердің фрагменттері мен техногендік әлемнің дизайнынан өзінше пазл ойлап таптық... Қалай шыққанын көрермен бағалар», – деді қоюшы-суретші Вячеслав Окунев.



Джузеппе Вердидің өлмес туындысы әлемнің барлық жетекші опера театрларының репертуарынан табылады. Мысыр әскери қолбасшысы Радамес, тұтқынға түскен эфиопиялық ханшайым Аида мен перғауын қызы Амнерис махаббат пен бостандық, махаббат пен кек, ал соңында – махаббат пен өмір арасынан ауыр таңдау жасауға тиіс еді. «Аида» операсының басты ерекшелігі де осында – қабірлердің біріндегі қазба жұмыстары барысында табылған ежелгі папирустан алынған оқиғаның шынайы сюжеті негізге алынған. Көптеген ғасырлар бұрынғыдай махаббат, құмарлық, қызғаныш пен сатқындық тақырыптары бүгінгі күні де өзекті болып қала береді.

Спектакльдің авторлары пьеса үшін жасалған футуристік декорациялар, кейіпкерлердің костюмдері мен бейнеграфикасы көрерменді сюрреалистік әлемге баулытынына уәде береді. Ал опера труппасының жетекші солистері Ежелгі Мысырдың ішкі табиғатына жауап береді.

«Аиданың» қоюшы-дирижері – ҚазҰТУ-дың бас дирижері Ерболат Ахмедьяров. Операдағы басты партияларды опера труппасының жетекші құрамы, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Жәмила Баспақова, Гүлзат Даурбаева, Дина Хамзина, Талғат Күзембаев орындайды. Радамес партиясына арнайы шақырылған солист ретінде РФ еңбек сіңірген әртісі, Татарстан Республикасының Халық әртісі және Татарстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ахмет Агади өнер көрсетеді.



ЗЕРДЕ

«ПАТРИОТТЫҚ РУХ –
БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ»

Алматыда «Патриоттық рух – басты құндылық» атты жоба жүзеге асуда. Осы жоба жайында Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қорының президенті, жоба жетекшісі Жаңыл ӘПЕТОВАДАН сұрап білген едік.

– «Патриоттық рух – басты құндылық» жобасын жүзеге асырып жатыр екенсіздер, жоба, оның мақсаты жайында айтып өтсеңіз.

– Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде жүзеге асып жатқан «Патриоттық рух – басты құндылық» жобасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Желтоқсанның 35 жылдығына арналған.

Жоба 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын, оның тарихи маңызын кеңінен насихаттауға және жастардың бойында ұлтжандылықты нығайтуға бағытталған. Жобаны жүзеге асыру аясында бірқатар шаралар мен жұмыстар жоспарланған. Жоба шараларын Желтоқсаншы ұйымдармен бірге жүзеге асырудамыз. Олардың қатарында «Желтоқсан ақиқаты», «Желтоқсан» республикалық халықтық-отаншылдық қозғалысы, «Желтоқсан жұлдыздары», «Желтоқсан көтерілісі», «Желтоқсан қоғамы», «Желтоқсан зейнеткерлері», «Қайсар Жүрек», «Біртұтас желтоқсан», «Өршіл рух» және т.б. қоғамдық ұйымдар бар.

– Атап айтқанда, қандай шаралар жоспарланған?

– Қаланың көрнекі орындарында «Халық қаһарманы» Қайрат Рысқұлбековтың, сондай-ақ Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Кенжегүл Молданазаровалардың суреттерін билбордтарға орнату, LED экрандарға шығаруға арналған жоғары сападағы эскиздер жобасын әзірлеу, жалпы білім беру мекемелерінде оқушылар арасында Желтоқсан қаһармандарына арналған «Қасиетті домбыра!» атты домбырамен ән айту, күй тарту бойынша шығармашылық байқау ұйымдастыру, студент жастар арасында 1986 жылғы Желтоқсанға қатысушы, Халық Қаһарманы Қ.Рысқұлбеков атындағы бокстан, Е.Сыпатаевтың құрметіне арналған қазақша күрес спорт түрінен қалалық турнир ұйымдастыру, 1986 жылғы Желтоқсан қатысушылары Л.Асанова, С.Мұхамеджанова және К.Молданазарованың құрметіне оқушылар арасында «Қыршын кеткен қарлығаштар» атты шығармашылық патриоттық іс-шара, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің және 1986 жылғы желтоқсаншылардың қатысуымен «Желтоқсан – тәуелсіздік негізі» деген тақырыпта «дөңгелек үстел» өткізу, жастар арасын-

да «Тағылым мен тағзым» атты кездесулер ұйымдастыру, «Мен қазақып!» атты патриоттық әндер кешін ұйымдастыру сынды шаралар бар. Мұнан басқа, желтоқсаншылардың қатысуымен қайырымдылық шараларын ұйымдастыру қарастырылған.

– Қайырымдылық шаралары туралы айтсаңыз?

– Желтоқсаншылардың қатысуымен қайырымдылық шаралары аясында қаладағы балалар үйлеріне барып, балаларға тәттілер, киім-кешек, мектеп құралдарын тапсыру жоспарланған. Сонымен қатар, желтоқсан құрбандарының отбасына да қайырымдылық көмек ұйымдастырмақпыз.

– Биыл Түркісіб ауданында «Желтоқсан–1986» саябағы пайда болды. Бүгінгі күні онда құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатыр. Осы саябақ жұмысына үлес қосу жайы қалай болуда?

– «Желтоқсан–1986» саябағын жастарға танымал етіп, онда желтоқсаншылардың ерлігін еске алуы үшін бірқатар көпшілік шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Мәселен, желтоқсандықтардың қатысуымен саябаққа ағаш отырғызу, жастарды қатыстыра отырып, саябақтың тазалығын арттыру мақсатында сенбілік өткізу, саябақта орналасқан спорт алаңқайларында түрлі минитурнирлер, сайыстар өткізу.

– Бүкіл ел бойынша мерейтойға орай түрлі концерттік бағдарламалар ұсынылуда. Алматыда қандай шаралар өткізілді?

– Мысалы, жақында патриоттық әндердің концерттік кешін «Алатау» дәстүрлі өнер театрында өткіздік. Ол кештің сценарийі театр басшысы Ринат Зайытовтың қолдауымен әзірленіп, барлық желтоқсаншы ұйым өкілдерінің ой-пікірлерін ескере отырып өткізу жоспарына сәйкес атқардық. Алматы қаласы Мәдениет басқармасы тарапынан да жан-жақты қолдау көрсетіліп, Ғани Майлыбаевтың өзі кеш қонағы болды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Желтоқсанның 35 жылдығы құрметіне өтетін концерттік бағдарламаға өнер майталмандары қатысты. Аталмыш шара алматылық желтоқсаншылардың көңілінен шықты деген үміттеміз.

– Сұхбатыңызға рахмет! Істеріңізге сәттілік тілейміз!

Әңгімелескен
Динара МҰРАТҚЫЗЫ.

МӨЛТЕК СЫР

... Желтоқсан айының бет қаратпас ызғарына қарамай алаңға қарай ағылып келіп жатқан жастарды Тимирязев пен қазіргі Желтоқсан көшелерінің қиылысында қазақ милиционерлер қоршап алып жібермей тұр. Олардың «Үйлеріңе қайтыңдар! Біз тек бұйрықты орындаушылармыз. Бұл жерде сендердің де, біздің де кінәміз жоқ. Босқа күйіп кетпеңдер!», – дегенін елең қылмаған екі жігітті «мыналар мас, ішіп алған» деп жұлқылап машинаға салып жатты. Перуза мен Шолпан олардың өздерімен бір құрылыс басқармасында жұмыс істейтін жігіттер екенін байқап, дереу жетіп барды.



АЛАҢДАҒЫ АРУЛАР



Нұржамал
ӘЛШЕВА

– Бұлар арақ ішпейтін жігіттер. Мас еместігі көрініп тұр емес пе, неге өтірік айтасыздар, жіберіңіздер! – деп шырылдап кеткен Перузаны да олар сары түсті машинаға қарай сүйрей жөнелді. Бұл жерде ештеңені дәлелдеу мүмкін еместігін аңғарған Шолпан:

– Ағатайлар, бұлар ештеңе бүлдірген жоқ қой. Түсінеміз, сіздерге де оңай емес. Қазір үшеуін де босатсаңыздар, біз жатақханамызға қайтамыз. Тым болмаса, осындай жерде ағалықтарыңызды білдірсеңіздерші! – деп жалына бастады. Қаршадай қарақөздің сөзі жүрегіне тиді ме, әлде ұлт-ым деген жастарына қару кезенген милиционерлердің намысын оятты ма, олар машина ішіне тоғытқан бірнеше жасты жылдам шығарып жіберді.

Мас деген жігіттер – Қанат Әжиев пен Мұрат Кеулімжанов, қос құрбы – Шолпан Қажиева мен Перуза Асылбек Пушкин атындағы республикалық кітапханаға қарай аяндай бастағанда Қанат:

– Арамызда коммунист бар ма? Ертен бірінші кезекте коммунист, одан соң біз – комсомолдар қуғын-сүргінге түсеміз. Осы жерден ары бармай, жатақханаға қайтайық, – деді. Мұрат үндемеді. Перуза мен Шолпан: «Шешінген судан тайынбас». Барін өз көзімізбен көрейік», – деп жігіттерді алаңға қарай сүйреледі. Осы сәтте Мұрат та: «Азар болса ертен комсомолдан шығарар, тіпті жұмыстан босатар. Қайда

болса да «екі қолға бір күрек» табылар. Кеттік!», – деп қыздарды қоштады. Сөйтіп, төртеуі қайтадан алаңды бетке алды.

Шолпан ертеңіне алаңға тағы барды. Екі мәрте милиция пунктіне түсті. Бірінде өзге ұлттың өкілдері тепкілеп, жағасынан сүйреледі. Екіншісінде «Қарағым-ай, босқа арандап қалдыңдар-ау! Қанша жастың қаны төгіліп, қаншасы мүгедек болғаны бір құдайға ғана аян. Ертен әлі қаншама жас оқудан шығып, қаншауы қуғын-сүргінге ұшырап екен?!», – деп жаны күйзелген егде жастағы қазақ капитаны босатып жіберді. Сөйтіп, Шолпанға «енді ол жаққа бармашы» деп жалбарынғандай үн қатқан екен. Әкесіндей қамқор кісіге уәде берген Шолпан жандайшаптар аямай тепкілеген денесін әрең сүйреп, белмесіне жеткен еді.

Бүгінгі Тәуелсіздігімізде сол бір ызғарлы желтоқсанда содыр саясаттың тепкісінде қалып, шашынан сүйрелген, мұзға отырғызылған, намысы тапталған талай қарақөздеріміздің де қолтаңбасы барын ұмытпайық.

Ал бүгінгі біздің екі кейіпкеріміз өздерінің де үлесі бар Тәуелсіз елде бақытты өмір сүріп жатыр. Екеуі де отбасын құрып, бала сүйді. Шолпан Қажиева – балаларының бақытын тілеген асыл ана, немерелерінің сүйікті апасы. Ал Перуза Асылбек қазір «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Алматы қаласы бойынша ПҚБАИ кафедра зертханасының меңгерушісі. Ер-азаматы Ержан екеуі қос балапанының бақытын тілеп, өрісінің кеңейгенін армандайды. Арманшыл жандарға ол күндер де алыс емес деп білеміз.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

«ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
ЕШТЕҢЕ ЖЕТПЕЙДІ»

Ел Тәуелсіздігі туралы айта бастасақ, ойымызға Желтоқсан оқиғасының оралатыны рас. Ата-бабаларымыздың егемендік үшін өмір бойы арпалысып өткені сияқты, Желтоқсан оқиғасы да осындай ұлы күрестің жарқын бір белгісі болып қала береді. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында желтоқсаншы Көкболат СЕМБАЕВПЕН сұхбаттасуымыздың да сыры осында.

– Мен 1986 жылдан бастап ҚазКСР Министрлер Кабинетінде ағаш ұстасы болып қызмет істегенмін. Ауылдан келгендіктен, біраз уақыт жұмыс істеп, ес жиып алудың қамымен жүрген едім. Сол жылы 17 желтоқсан күні, кешкі сағат 17.00-ден кейін алаңға жұмыстағы 3 жігіт болып бардық. Жаныма Асқар және Мақсат деген жігіттер болды. Асқардың қазіргі мекенжайын білмеймін, ал Мақсат бұл өмірден өтіп кетті. Алаңға келіп, талабымызды қоя бастағанымызда аласапыран басталып кетті. Қыздарымыздың шашынан сүйреп, қан-жоса қылып сабағаны шымбайымызға батты. Оған жай ғана қарап тұру мүмкін емес еді, осылайша курсанттарға жабыла кетіп, дубинкадан талай соққы

көрдік. Үсті-басымызды көкала қойдай етіп төмпештегендер қарусыз жастарды еш аямады, көліктерге қойша тиіп апарып, СИЗО-ға қамады, – дейді Көкболат.

– Қамаудағы қасіретті оқиғаларыңыз жайында айта кетсеңіз.

– Біз 1 бөлмеде 16 адам отырдық, екеуі – үлкен кісі, қалғанымыз – кілең жастар болдық. Бәріміз бір күнде, 17 желтоқсанда қамалдық. Қамауға алысымен бізді суретке түсіріп, қолхат алып, «халық жауы», «нашақор», «сатқын», «ұры» деген жала жапты. Күн-түн деместен, сағат сайын соққы жедік, құладық, талдық. Жанымыздың сірілігі болар, аман қалдық. Бізді 9 күннен кейін ғана босатты. Азаттыққа шығар алдында «сендер-

ге сот қағазы толтырылып дайын тұр, мүлт кетсеңдер кем дегенде 25–30 жылға кетейін деп тұрсыңдар» деп қорқытты да, қамаудан шығарды. Алайда, соншама көрген қорлығымыздан кейін «қамауда отырды» деген бір жапырақ қағаз да бермегені біздің намысымызға тиді. Өз алдымызға ел болуды аңсаған бізге «бұрынғы күндеріне шүкіршілік етіңдер» дегеннің кейіпін танытты.

– Одан кейін жұмысыңыз, өміріңіз, жеке басыңыз қандай күйде болды? Үйдегі ағайын-туғандарыңыз не деді?

– Еркіндікке шалажансар күйде шығып, әпкемнің үйінде бас сауғаладым. Бауырларым мені өлдіге санапты. Ауылдағы ата-анам көтеріліске менің де барғанымды, кейіннен хабар-ошарсыз кеткенімді естіп, «өмірден өтіп кетті-ау» деп жоқтау айтып, қайғыдан қан жұттыпты. Амандығымды естіген соң жақындарым менің әрекетімді сынай қоймады. Керісінше, өздері тәрбиелеген ұлдарының ұлтшыл, намысшыл екеніне қуанды. Алайда, Тәуелсіздігімізге дейінгі 5 жылда басымнан небір қиын жағдайлар өтті. Ақталмағандықтан жұмысқа да тұра алмадым, кесірім жақындарыма да тиді. Жүрген жерім-

де «халық жауы» атандым. Тіпті, отбасын құрып, үй болудың мүмкін еместігін түсіндім. Айта берсе, әңгіме көп, шындығында, ел Тәуелсіздігіне ештеңе жетпейді. Мұны біз, желтоқсаншылар, жақсы түсінеміз.

– Тәуелсіздік алғаннан кейін өміріңізде өзгеріс болды ма?

– Желтоқсан оқиғасына қатыспай тұрғанда тұрғын үй кезегіне тұрған болатынмын. Кейіннен қиындықтан арылмай, үй кезегін естен шығарып та алдым. «Аққа құдай жақ» демекші, сол кездегі басшымыз менің үй алатын кезегім келгенін, оны алу үшін бірінші үйлі-баранды болуға тиістігімді ескертті. Ол кезде жүріп жүрген қызым да жоқ, дос-жарандарымның ішіндегі біреуінің қарындасымен танысып, отбасын құрдым. Сөйтіп, 1995 жылы үйлі болдым. Қазір 4 балам бар. Үлкен қызым бойжетті. ЖОО оқуға қаражат жетпеді. Сөйтіп, үйімізді сатуға тура келді. Қазір 6 адам болып басқа бір аядай үйді паналап отырмыз.

Жағдаймызды тым жаман дей алмаймын. Алайда, қара жұмыс істегендіктен болар, зейнетақым 80 мың теңге көлемінде ғана. Қалада бұл қаражаттың жайлы өмір сүру үшін жеткіліксіз екені айтпасақ та белгілі. Қосымша жұмыс істеуге денсаулық жарамайды. Шындығында, желтоқсаншылардың көпшілігінің бүгінгі халі осындай, оны жасырудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Ақтолықын ТҮРЛІҒАЗЫ.



COVID-19

БЕЙҚАМДЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК



Алматы қаласында бір тәулікте 1150-ге жуық адам корона-вирусқа қарсы вакцина салдырды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы өкілдері хабарлады.

«19 желтоқсан күні 1148 алматылық вакцина салдырды. Коронавирусқа қарсы екпенің I компонентін – 429, II компонентін 719 адам алды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Биылғы 1 ақпан мен 19 желтоқсан аралы-

ғында қалада 1 038 826 тұрғын вакцинаның I компонентін, 998 605 адам II компонентін салдырған. Оның ішінде 122 986 адамның жасы 60-тан асқан», – деді басқарма өкілдері.

Бүгінгі таңда Pfizer (Comirnaty) компаниясының екпесін 24 175 адам салдырған. Оның ішінде 1371-і – жүкті әйел, 4805-і – бала емізетін ана, ал 17999-ы – жасөспірім. Қалада 132 егу пункті жұмыс істеп тұр. 756 маманнан тұратын 201 егу бригадасы бар.

БРИФИНГ

Екпенің пайдасы дәлелденген

И.С.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының инфекционист-дәрігері Тамара Утаганова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте коронавируска қарсы вакциналау және ревакциналауға қатысты маңызды сұрақтарға жауап берді.

Маман COVID-19 көптеген ауыр асқынуларды тудыратынын, ал оған қарсы екпе баршамыздың өмірімізді сақтап қалуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Сондай-ақ, адамдардың бәрі вакциналанған кезде, ауырып қалу қаупі әлдеқайда төмен екендігін жеткізді. Сонымен қатар, халықты ковидпен ауырғаннан кейін пайда болған антиденелерге сенбеуге шақырды.

«Науқастардың дамыған антиденелері денені қорғау үшін жеткілікті. Бұған дейін ауырып жазылған және егілмеген адамдарға вакциналау қажет. Мұны эпидемиологиялық ахуалдың бүгінгідей төмендеу кезінде жасаған дұрыс», – деді Т.Утаганова.

Инфекционист жалпы вакциналауға кез келген адамға рұқсат етілгенін айтты. Бүгінде созылмалы жағдай жоқ, бұл вакциналау үшін тікелей қарсы көрсетілім болар еді.

«Созылмалы аурулары бар адамдар вакциналаудан өтеді. Мұндай адамдарда дерт қиын болады. Бұл тек КВИ-ге ғана емес,



тұмауға да қатысты. Сондықтан мен клиникада иммуногенен кеңескеннен кейін созылмалы аурулары бар адамдарға вакциналау керектігін ұсынамын», – деп сөзін жалғастырды маман.

Дәрігер вакцина енгізілгеннен кейін адамдардың көпшілігінде ауыр реакциялар болмайтынын атап өтті. Егер температура көтерілсе де, бұл қысқа мерзімді құбылыс. Сарапшының айтуынша, бұл табиғи процесс және вакцина әрекет ете бастағандықтың белгісі. Басқа жанама әсерлер болған жағдайда дәрігерге хабарлау қажет.

Т.Утаганова ревакцинаның пайдасына қосымша дәлелдер келтірді. «Вакциналау постковидті синдромнан қорғайды. Ревакциналау иммундық жүйені ынталандырады. Бұл жас және қарт адамдарға

Алматы эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша «жасыл» аймақта. Инфекциялық стационарлардағы төсек-орындар саны едәуір қысқарған. Бірақ бұл енді бейқам жүре берсек болады деген сөз емес. Шаһарда корона-вирус жұқтырып жатқандар күнде тіркелуде. 19 желтоқсан күнгі ақпарат бойынша, бір тәулікте қалада 30 адам коронавирус жұқтырған. Барлық емделіп шыққандар – 12, келіп түскені – 4.

Инфекциялық стационарларда 167 адам ем қабылдап жатыр, оның 8-і бала. Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 32 адам жатыр. Ал 6 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппаратында 6 адам ем қабылдауды жалғастыруда. High flow-да 9 аппарат жұмыс істейді.

Бүгінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 297 пациент бар. Оның ішінде індет белгілері бар, орташа ауыр жағдайда – 281 науқас. Ал 16 адамда коронавирус белгілері жоқ.

қажет, сондықтан дене вирустың әртүрлі нұсқаларына дайын болады», – деді дәрігер.

Алматыда 12–17 жас аралығындағы балаларды вакциналау жалғасуда. Comirnaty вакцинасын 16 610 жасөспірім алды. Алайда, осы уақытқа дейін көптеген ата-ана балаларына COVID-19 вакцинасы қажет пе, жоқ па және жанама әсері қандай болады деп әлі де алаңдаулы.

Т.Утаганованың айтуынша, «дельта» вирусының таралуынан бастап, жасөспірімдер де инфекцияны жұқтыра бастады: өкпе зақымдануымен аурудың ауыр жағдайлары пайда болды. Сонымен қатар, жұқтырған балалар инфекцияның қосымша көзі болып табылады. Олар вирусты туыстарына, вакциналанбағандарға және қарттарға жұқтыруы мүмкін.

«Бұл – ДДСҰ ұсынысы. 12 жасдан кейін баланың денесі ересек адамға ұқсас болады. Біз вакциналаудың өте маңызды кезеңінде тұрмыз. Сондықтан бәріне, балаларға да, жүкті әйелдерге де егілу керек. Бүгінге дейін Алматыда осы санаттағы адамдары вакциналаудың жанама әсері тіркелген жоқ», – деп атап өтті Т.Утаганова.

Инфекционист жасөспірімдерді вакциналау олардың иммундық қабатын күшейтіп, кейінгі COVID-19 толқындарынан қорғайтынына сенімді.

өзіне және олардың вакцинаға деген көзқарасына байланысты. Вакциналардың иммунитетке зияны жоқ екенін түсіну керек. Олар антиденелер түзіп, ағзаны қорғайды», – дейді Ә.Хамидулла.

Дәрігер коронавирус қарттарда да, жастарда да көптеген асқынулар тудыратынын еске салды. Сондықтан 12 жасан асқан жасөспірімдерді де вакциналауды жалғастыру өте маңызды екенін атап өтті. Өйткені, олардың да жетіліп, бойы мен салмағы бойынша ересек адам қатарына жақындап келе жатқанын тілге тиек етті. Сонымен қатар, оларды егу иммундық қабатты нығайтуға көмектеседі.

«Жасөспірімдердің әлеуметтік байланыс ауқымы кең, олар түрлі секцияларға, мектепке барады. Иә, олардың көпшілігі вирусты оңай жұқтырады, жеңіл өткеруі де мүмкін. Бірақ бұл

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ



«ОМИКРОН» «дельтаны» басып озуы мүмкін

РЕСЕЙ мемлекеттік думасының ғимараттарына кіру үшін QR кодтары мен ПТР-тесттен өту міндеттері енгізілді. Қазір мемлекеттік думада QR-кодтар туралы екі заң жобасы қаралуда. Олардың бірі теміржол және әуе көліктерінде құжаттарды пайдалану тәртібін реттейді. Екіншісі – азаматтардың дүкендерге, тамақтану орындарына және бұқаралық ішараларға баруына қатысты.

НОРВЕГИЯДА да шектеу шараларын күшейтті. Мәселен, енді үйіңізге қонаққа 10 адамнан артық адам шақыра алмайсыз. Тек рождестволық мерекелер кезінде ғана жеңілдік жасалады. Онда да үйде 20 адам қабылдауға рұқсат етіледі.

ЖАПОНИЯ ғалымдары коронавирустың бір ұшқыны жылт етсе болғаны, жарқырап шыға келетін беттерде ойлап тауыпты. Беттерде түйеқұстың жұмыртқасынан алынған антиденелер негізінде жасалған арнайы филтрден тұратын көрінеді. Флуоресцентті бояғыш затпен өңделген. Сөйтіп, филтрге вирус бөлшегі түссе, беттерде жарқырай бастайды екен. Оны сынақтан өткізуге 32 адам қатысқан екен. Олардың бәрінен де ковид анықталған.

ФИНЛЯНДИЯ еліндегі Лапландияның жаңажылдық маусымының шыркын «омикрон» бұзуы мүмкін дейді туризм саласының мамандары. Себебі, әуе билеттері мен қонақүйге тапсырыс күрт азайған. Әлем елдері жаңа шектеулер енгізіп жатқандықтан, кәсіпкерлер тағы да табыссыз қаламыз деп алаңдап отырған көрінеді. Егер 2019 жылы Лапландияға 600 мыңнан астам турист барса, бытыр бұдан алты есе аз болған. Мұны айтып отырған себебіміз, аңыз бойынша Азат ата Лапландияда тұрады. Жаңа жыл алдында әлемнің түрлі елінен көптеген адам осында саяхат жасайды. Енді қалай боларын уақыт көрсетер.

ИЗРАИЛЬ билігі коронавируска қарсы екпенің төртінші дозасын салу жолдарын қарастырып жатқан көрінеді. Ол осал топқа жататын азаматтарға ұсынылуы мүмкін. Және оны неғұрлым ерте қабылдағанды дұрыс дейді. Өйткені, елде «омикрон» асқан жылдамдықпен тарап барады. Елде жаңа штамды жұқтырған бір науқаста бұл індет ауыр формада өтіп жатқаны хабарланған.


ҰЛЫБРИТАНИЯ жерінде «омикронмен» ауырғандар көптеп тіркелуде. Ковид жұқтырған науқастардың 60%-нан осы жаңа штамм анықталған. Өткен аптада «омикроннан» алғашқы кісі өлімі осы елде тіркелген болатын. Енді 7 пациенттің көз жұмған. Сондықтан сарапшылар карантиндік шектеу шараларын күшейтпесек, қаңтардың басында бұл көрсеткіш 3 есе артады деп дабыл қағуда

АҚШ елінің жетекші вирусологы Энтони Фаучи «омикрон» штамы таралу қарқыны бойынша «дельтаны» басып озуы мүмкін деген мәлімдеме жасаған. Себебі, қазірдің өзінде елдің кейбір аудандарында ауырғандардың жартысына жуығы жаңа штамды жұқтырғандар. Эпидемиалар меземес. Сондықтан рождестволық қойылымдар кейінге шегеріліп, оқу орындары онлайн форматқа ауысуда. Осы уақытқа дейін америкалықтардың 30%-ға жуығы ғана бустер дозасын алған.

ДДСҰ өкілдерінің мәліметі бойынша, «омикрон» қазірдің өзінде әлемнің 89 елінен табылды. Жаңа штамман вакцинаның үш дозасы қорғайды. Фармацевтикалық алпауыт Pfizer компаниясының өкілдері осылай деп отыр. Ғалымдар вакцина алғандарды зерттей келе, бустерлік доза адамды коронавирустық инфекциядан 25 есе қорғайтынын анықтаған.

МАМАН ПІКІРІ

ВАКЦИНА мен РЕВАКЦИНА ең тиімді қорғаныс



Алматы қаласындағы №30 емхананың бас дәрігері Әсел Хамидулла вакцина мен ревакцина бәрімізді COVID-19-дың ауыр формасынан қорғайды дейді.

Дәрігердің айтуынша, алматылықтар карантиндік қатаң шектеулердің алынып тасталғанын пайдаланып, босансып, кісі аяғы

көп жиналатын орындарға жиі бара бастаған. Беттерде тағуды да тоқтатып, әлеуметтік арақашықтықты сақтамайды. Осы орайда, маман коронавируска қатысты жағдай әлі де қауіпті екенін, адамдар күн сайын ауырып жатқанын айтып отыр. Мәселен, инфекциялық стационарларда бүгінде 200-ден астам пациент ем қабылдап жатыр. Сондықтан қалыпты өмірге оралу үшін ковидке қарсы екпе алу қажеттігін баса айтты.

«Коронавирустың жаңа толқыны мен індеттің бас көтермеуі, әсіресе, адамдардың

қатты ауырмайды, індеті асқынбайды деген сөз емес. Сонымен қатар, олар кішкентай сәбилерге, жүкті әйелдер мен қарттарға жұқтыратын тасымалдаушы болуы мүмкін. Сондықтан жасөспірімдерді вакциналау инфекцияның таралуын бәсеңдетуге көмектеседі», – деді дәрігер.

Ә.Хамидулла COVID-19 вакцинасын алғаннан кейін ауырып қалу болатындығын жоққа шығармайды. Алайда, ол өте сирек кездеседі. Жалпы, вакцина қабылдағаннан кейін пайда болатын антиденелердің қорғанысы жоғары дейді маған. Дәрігер-маманның сөзінше, бүгінгі таңда ковид жұқтырып, аурухана төсегінде жатқандар мен ӨЖЖ аппараттарына қосылған пациенттердің басым көпшілігі вакцина алмағандар. Сондықтан ең жақсы және тиімді қорғаныс

вакцинаның тек екі компоненті ғана емес, сонымен қатар жаңа антиденелердің пайда болуын ынталандыратын ревакцина дейді. «Бұл процедура денені қауіпті вирустық инфекциялардан қорғайтын ең тиімді әдісі болып саналады. Мысалы, біз бала кезімізде вакциналандық. Балалық шақта жасалған кейбір екпелер мезгіл-мезгіл қайталануы керек. Ал қайта егу иммундық жүйенің белгілі бір қоздырғыштарға реакциясын сенімді түрде бекітуге мүмкіндік береді», – деді №30 емхананың бас дәрігері Әсел Хамидулла. Оның айтуынша, бұл жағдайда антиденелер деңгейі ревакциналау шешіміне әсер етуі мүмкін емес. Үшінші вакцинаны вакциналаудан кейін 6 және 9 айдан кейін алуға болады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Кез келген адамның өмірінде естен кетпес сәулелі шақтары болады. Естелікке толы өмір сүру бақыты қазақтың қайраткер қыздарының бірі – Перде Елеусізқызы Есімбетованың да бағына бұйырды. Ұстаздық атты ұлағатты жолды таңдап, өзіне үлкен жауапкершілікті жүктеді. Өткен өмірін ойға алса, ұзақ жылғы еңбегінің арқасында небір қазақтың жақсылары мен жайсаңдарының алғысын алды. Ақсақалдардан бата алды. Еңбек жолын балабақшаның тәрбиешісі болып бастап, меңгерушіге дейінгі сатыға көтерілді. Талай тұлғаның ұрпағына ана тілін үйретіп, тілін «сындырды». Жастық шағының қайнаған еңбектің ортасында өткеніне еш өкінбейді. Өйткені, осы жолда бақытын еңбектен тауып, ұлтының кемеңгерімен тағдыры тоғысты.

Ұлттық балабақша деңгейіне көтерілген ұжым

Перде Елеусізқызы сол кездегі астанамыз Алматыдағы №204 балабақшада ұзақ жыл қызмет етті. Әсіресе, 1963–1964 жылдары ұлт жанапшыларының «Ана тіліндегі балабақшалар неге жоқ?» деп бастама көтерген кездерін сүйсіне еске алып отырады. Сол жылдары Шона Смаханұлы бастаған ақын-жазушылар бас болып, болашақ ұрпақтың тағдырына алаңдаушылық білдіргенін ерлік деуге болады. Ұлт жанапшыларының арқасында алғашында екі топты, сосын бүкіл бір балабақшаны ана тілінде қайтадан жасақтаған еді. «Баланың саны аз» деген сылтаумен балабақшаның басына бұлт үйірілгенде, Алматының әр бұрышында тұрып жатқан тілге, ұлтқа жаны аштитын жандар жолдың алыстығына да қарамастан балаларын қазақ балабақшасына әкелген еді.

Шағын балабақша сол кезде қазіргі Достық пен Төле бидің қиылысында болса, он екі топ ашылған соң жаңадан орын бөліп, 1976 жылы қазіргі тұрған орны Зенков көшесіне қоныс аударды. Перде Елеусізқызының тәрбиешілік қызметіне көңілі толған басшылық жауапты жұмыс әдіскерлікті жүктейді.

– Балабақшада 14-15 жылдай әдіскер болып қызмет жасадым. Осы жолда Гүлбазар Махмұдқызы, Күлпаш Мұсақызы сынды бала жанының бағбандарынан көп нәрсе үйрендім. Ол кезде бәрі қат, ана тіліміздегі әдістемелік құралдар мүлдем тапшы болатын. Бірақ түк жоқ деп қарап отыруға тағы болмайды. Сосын өзімізше ізденіп, керекті құрал-жабдықты қолдан құрастырып, әйтеуір тығырықтан шығуға тырысатынбыз. Мәскеуден шығатын «Дошкольное воспитание» деген журналды алып, бір бетін қалдырмай оқып, өзімізге қажеттісін аударып, қолданатын болдық. Біздің «қайтсек, ұлттық балабақшаның деңгейін көтереміз» деген ізденісіміз текке кеткен жоқ. Ақыры, санаға әбден сіңіп қалған сол кездегі сынаржақ пікірдің теріс екенін дәлелдеп шықтық. 1984 жылы ұлттық ойындарды денешынықтыру сабағына пайдалану туралы жаңалығымыз ВДНХ көрмесінде бірінші дәрежелі дипломға ие болды. Бұл, әрине, сол кездегі ең үлкен табысымыз болды. Менің қуанатыным, сол жаттығуларды бүлдіршіндер әлі күнге дейін балабақшаларда жасап жүр. Балабақшамыз сол жылдары ең алдыңғы қатардан көрінсе, бұл ең алдымен еткен еңбек пен ауызбіршіліктің арқасы, – деп еске алады Перде Елеусізқызы.

Сонау қиын кездердің өзінде Перде Елеусізқызы тапшы әдістемелерді күнделікті қарапайым іс-тәжірибелер арқылы да бала бойына дарытып отырды. Мәселен, балақайларға киімнің түймесін тағып, аяқкиімнің бауын байлау, бас киімді дұрыс киіп, орамалын тағу сияқты дағдыларды әлемдік тәрбиешілер Монтессориіліліміне сүйеніп үйретсе, кезінде Перде Елеусізқызы бұл ұсақ-түйек болса да, өмірдегі қажеттілік деп үйретті.

ӨНЕРЛІ ҰЖЫМ

«Ұлы дала әуендері»

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Түркістан ауданы әкімшілігінің ұйымдастыруымен №6 Оқушылар үйінде «Ұлы дала әуендері» ансамблінің концерті өтті.

Осыдан біраз уақыт бұрын Түркістан ауданына жұмыс сапарымен келген қала әкіміне ата-әжелер өтініш білдіріп, өздерінің ансамблі құру туралы бастамаларын жеткізген еді. Көп ұзамай қариялардың бұл ұсынысы қала Әкімі тарапынан қолдау тауып, «Ұлы дала әуендері» деп аталатын өнерлі ұжым құрылған еді.

Алғашқы сөз кезегін алған Түркістан ауданы әкімінің орынбасары Ермек Бейсеуов қазынаға айналған қариялардың өнерін жоғары бағалап, оларға шығармашылық табыс тіледі. Осыдан кейін сахна шымылдығы А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсымен ашылып, Жұмағазы Қосанов пен Ботагөз Жүнісова жеке дауыста ария орындады.

Е.Хасанғалиевтің «Күн дидарлы Қазақстан» әнін Ботагөз Жүнісова, І.Жақановтың «Нені ойладың?» әнін Жәмила Қайрақбаева, Н.Алғашбайдың «Егеменді Қазақстан» әнін Әбілқасым Алғашбай, Л.Хамидидің «Бұлбұл» әнін Нұрдіәулет Жандыбай, орыстың халық әні «Ах, Самардың қаласын» Нина Тихонова, Александра Салодовникова, Ирина Ляпина, Мәриям Жағорқызының «Дударайын» Володя Соловей орындаса, цирк өнерінің ардагері Райгүл Мәнжігітова «Сиқырлы әлемге саяхат» өнерімен көрерменін қайран етті. Осылайша өнерпаз қариялар домбыра тартып, күмбірлете күй төксе, ұйғырдың ұлттық биін Шарваним Алаева орындады. Белсенді қарияларымыз бұл күні зейнетте болса да, қаламыздың мәдени өміріне де өз үлестерін қосып отыр. Шығармашылық концерттен соң Түркістан аудандық әкімшілігінің Мәдениет бөлімі жетекшісі Қанат Әлімбетов өнерпаз ұжымға шығармашылық табыс тілеп, өз ризашылығын білдірді.

Суретті түсірген Самат Құсайынұлы.



«Өнерді сүйген баладан жаман адам шықпайды»

Ұрпақ тәрбиесіндегі қайраткер тұлғалардың бірі Перде Елеусізқызы Есімбетова туралы бір ғзік сыр

Димаш ағаның қамқорлығы



Перде Елеусізқызы өзінің ізгілікпен өрілген өмір жолында кездескен қазақтың біртуар кемеңгер ұлы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы әркез ілтипатпен еске алып отырады. – Димаш ағаны көремін, ол кісімен сөйлесемін деп кім ойлаған? Менің өмірімде 1990 жылғы 29 мамыр ерекше күн болып сақталып қалды. Бұл – менің Димаш ағаны алғаш рет көруім. Ол кезде қазіргідей ұялы телефон деген жоқ. Бірде жұмыс телефоным шыр ете қалды. Көтерсем, аудандық оқу бөлімінен хабарласып тұр екен. Ар жақтан «сіздің балабақшаға қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы арнайы тарту жасап, бірнеше зат бергені отыр. Сол кісінің үйіне барып, әлгі заттарды алып кетсеңіз», – деді. Заттарды артып алу үшін көлік мәселесін де реттеуімді тапсырды. Содан бір-екі ата-анаммен хабарластым, ақыры қасыма бір кісіні ертіп, көлікті де тауып танымал

тұлғаның үйіне аттандық. Көңілімде көп сауал, іштей қобалжып келем. Көрсетілген мекенжайды тауып, ағаның үйіне келдік. Алдымыздан күзет қызметкері шықты. Жөнімізді айтқан соң ішке жіберді. Үлкен кісі алдымыздан шығып, қол алысып амандасты. Бізді ертеден танитын кісі сияқты, сондай жылы шыраймен қарсы алды. Алдымен Димаш ағаға көңіл айттым. Ол кісі үнсіз отырды да, «мен Зухра Шәріпқызымен елу жыл, алты ай, екі күн өмір сүрген екенмін. Ол кісі өте сауатты еді. Менің бос уақытым бола бермегендіктен, барлық ақпаратты өзі оқып, кешкісін маған айтып отыратын», – деп аяулы жарын еске алды. Сосын аты-жөнімді, балабақшада қанша жыл жұмыс істейтініме дейін сұрады. Әсіресе, ұлттық ерекшелікке, тілге, қандай бағытта тәрбие беріп жатқанымызға, кімдердің балаларының келетініне ерекше мән берді. Мен «Ұлттық тұрғыда тәрбие беріп жатырмыз, балабақшамыз ана тілінде, ақын-жазушыдан бастап, қарапайым кісілердің балалары келеді», – дедім. Оқу құралдары мен әдістемеліктің тапшы екенін айтып не қылайын? Ол кісінің сөйлеп отырған адамның сөзін бөлмей, жүзіне тура қарап, пікірінді толық жеткізуге мүмкіндік беріп отыратын жан екенін кейін де талай байқадым.

Димаш Ахметұлы «Зухра Шәріпқызы екеуіміз ақылда-сып, бір балабақшаны қамқорлыққа алып, біраз дүниелерімізді табыстасақ деп шешкен едік. Біраз кісілермен кездескенімізде ол кісілер де сіздердің балабақшаны жөн деп тапты», – деді.

Кемеңгердің күйсандығы



Осылайша бір сағатқа созылған әңгімеден соң Димаш аға балабақшаға деп үш мың теңге, екі кілем, күйсандық және бір музыкалық аспап дайындап қойғанын жеткізді. Өзі орнынан тұрып, төрдегі күйсандықты қолымен сипап, «мына күйсандықты Зухра Шәріпқызы керемет ойнаушы еді. Енді балалардың игілігіне пайдаланыңыздар. Өнерді жақсы көрген баладан жаман адам шықпайды», – деді. Танымал тұлғаның тартуын қуана қабылдап, біз де балабақшаға жетуге асықтық. Ол кезде үш мың дегеніңіз кәдімгідей көп ақша ғой. Наурыз

мерекесіне деп, бүлдіршіндерге ұлттық киімдер тіккізіп, қалған қаржыға көрпе-жастық сатып алдық. Осы таныстықтан кейін Димаш ағаның өзі телефон соғып, біздің балабақшаның жұмысы, бүлдіршіндердің күнделікті тыныс-тіршілігі жайында сұрап отыратын болды. Ол кісі хабарласқан сайын мен бір жағынан қуанып, бір жағынан сасқалақтап қалатынымын. Біз ол кісімен жылына екі-үш рет кездесіп отырдық. Үнемі пікір алысып, ақыл-кеңесін айтып отырды. Балабақшаның бүлдіршіндері де аталарын туған күнімен құттықтап, қуанып қайтатын. Қайтпас сапарға аттанарынан бір ай бұрын кездескенімізде Димаш Ахметұлы еліміздің ертеңіне зор сеніммен қарайтынын жеткізді.

– Қазір Қазақстанға білімді, іскер адам басшы болып келді. Қазақстанның болашағы өте зор. Қазақстан – үлкен шаңырақ. Сіздердің тәрбиелеп жатқан балаларыңыз сол шаңырақтың уығы болады. Оны қисайтпай ұстап тұру, сіздердің балаларыңа беріп жатқан тәрбиелеріңіз бен білімге байланысты, – деген еді.

«Сол жолы Талдықорғанда өтетін Мұқаметжан Тынышбаевтың мерейтойына бара жатқанын айтып, қайтып оралған соң міндетті түрде балалармен кездесуге уәде етті. Бірақ бұл асыл ағамен болған соңғы кездесуіміз екен», – деп Перде Елеусізқызы өткен күндерін еске алды. Бүгінде сексеннің сенгіріне шыққан еңбек ардагері әрбір атқан танды еліміздің келешегі жарқын болса деген тілекпен қарсы алады.

«ЕРТӨСТІК» – 35



«Тәуелсіз елдің ұланы»

Ел тарихындағы айтулы мереке аясында қаладағы №18 «Ертөстік» балабақшасының ұжымы өзінің 35 жылдық мерейтойын атап өтті. Осыған орай, балабақшада «Тәуелсіз елдің ұланымын» атты мерекелік іс-шара өтті.

Қала көлемінде ғана емес, еліміздің білім жүйесінде де өзіндік орны бар «Ертөстік» балабақшасы мектепке дейінгі мекемелер арасында өткен байқаулардың бірнеше мәрте жеңімпазы атанды. Осынау 35 жыл ішінде қол жеткізген табысы да, жұлдесі де аз емес.

– 35 жыл бойы балабақша ұжымы «Ертөстігіміз» бір төбе» деген ел құрметіне лайық бола білді. Бүкіл әлем болып күресіп жатқан індет кезінде де ұрпақ тәрбиесінен сырт қалмай, барлық талапты сақтап, қызметімізді жалғастырып жатырмыз. Біздің балабақша-

ның тарихы терең, сонау желтоқсанның ызғарымен тұспа-тұс келді. Басына бұлт үйіріліп, талай қиындықты көрді. Ел ағаларының арқасында барлық сынақтан өтті. Біз сол күндерді әркез есте сақтаймыз. Балабақшаның алғашқы, сол кездегі меңгерушісі болған Күлзия Нүкенқызының, басқа да қызметкерлердің еңбектерін, есімдерін ешқашан ұмытпаймыз. Қол жеткізген Тәуелсіздігіміздің ендігі тағдыры – келешек ұрпақтың қолында. Мемлекетіміздің ертеңі тұтқа ұстар ұрпағын тәрбиелеп жатқандықтан, олардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыру – біздің басты міндетіміз, – дейді балабақша меңгерушісі Елмира Сейітжанқызы.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



● МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ШЫРША ШАМЫ, ЖАРҚЫРА!

Алматыда жаңажылдық Бас шыршаның шамы жағылды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа жыл мейрамының негізгі нышаны саналатын, биіктігі 20 метрлік шырша дәстүр бойынша КБТУ ғимаратының жанындағы «Астана» алаңында орнатылған. Эстрада жұлдыздары қатысқан бұл шара қала бойынша жаңажылдық іс-шараларды бастауға жол ашты. Мегаполистің барлық 8 ауданында 100-ден астам фотоаймақ орнатылған, оның ішінде шыршалар, шағын сәулет нысандары және жаңажылдық безендірудің басқа да элементтері бар.

Сондай-ақ, 21–30 желтоқсан аралығында қала әкімдігінің қолдауымен «Жаңажылдық керуен» ұйымдастырылады. Қала қонақтары мен тұрғындарын жүк көліктерінің керуені күтеді: декорациялар, мыңдаған жарықтандыру, жарық шоулары, жарқын фотоаймақтар және үлкен сыйлықтар жәрмеңкесі. 30 мың метрден астам жарық гирлянда-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

лары, шамдар мен қызықты дизайн ешкімді бей-жай қалдырмайды. Жүк көліктерінің қозғалысы әлеуметтік желілерде жарияланады. КВИ таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі қалалық штаб күрделі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға және «омикрон» штамының таралу

қаупіне байланысты сақтық шараларын – бетперде тағу режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау қажет екенін еске салады. Алматылықтарға вакциналануды жалғастыру керек, ал бұрын егілгендерді қайта вакциналау қажет. Екпе егу бекеттері жұмысын жалғастыруда.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арай ҚАСЫМБАЕВА, әдіскер:

– Санаулы күндерден соң жаңа 2022 жылға қадам басамыз. Биылғы жыл Алматы үшін табысты жыл болды десек болады. Себебі, Алматы білім, инвестиция тарту, құрылыс, туризм, цифрландыру салалары бойынша республикада көш бастап тұр. Бұл жетістік Алматының экономикалық әлеуетін көтеріп қана қоймай, еліміздің дамуына сүбелі үлесін қосатыны анық. Алдағы жылы да алматылықтардың атқарар жұмысы көп. Жаңа жыл барлығымызға береке-бірлік әкелсін!

Шынар НҮРДӘУЛЕТҚЫЗЫ, №188 мектеп-гимназиясы география пәні мұғалімі:

– Жаңажылдық шыршаның еліміз үшін ең басты мереке Тәуелсіздік күнінен кейін барып жағылатыны дұрыс. Қала әкімдігі мұны өте жақсы ұйымдастырған екен. Міне, шырша жанып еді, мерекелік көңіл күй сезіле бастады. Оның үстіне біз осы маңға жақын жерде тұрамыз. Серуендеп жүріп, көпшіліктің жиналып жатқанын көріп келдік. Әдемі әуен, жалт-жұлт еткен шырша көңілімізді көтеріп жіберді.

Гүлім БАҒДАТҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

– Бүгін біз үшін ерекше күн. Отбасымызбен бірге қыдырып жүріп, қаладағы ең үлкен шыршаның жануына куә болдық. Ауа райы да өте қолайлы болып тұр. Тамаша көңіл күйде тұрмыз. Шыршаның жануы, әсіресе, балалар үшін қызық қой...

Дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Дабылға
құлақ
асыңыз

Бүгін сағат 10.10-да қалада сирена дыбысы қосылады. Іс-шара республика бойынша азаматтық қорғау құлақтандыру жүйесін тексеру аясында жүргізіледі.

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті мәлім еткендей, төтенше жағдайлар туралы халықты құлақтандыру және хабардар ету тұрғындарды апаттың немесе жойқын әсердің теріс салдарынан қорғауға мүмкіндік беретін негізгі қауіпсіздік шарасы болмақ. Құлақтандыру жүйесін тексеру барысында электр дабылдарын және сиреналық-сөйлеу құрылғыларын (дауыс зорайтқыштарды) қысқа мерзімге қосу, теледидар мен радиоарналар эфирін ұстау, интернет-ресурстар мен мобильді қосымшаларда ақпаратты орналастыру көзделеді.

«Баршаның назарына!» дыбыстық сигналы – қауіп төнген немесе төтенше жағдай туындаған кезде барлық шұғыл хабарламалар алдында халықтың назарын аудару үшін берілетін ескерту сигналы. Дыбыстық сигналды естіген кезде теледидарлар мен радиоақпараттың қосу қажет, апат туындаған жағдайда одан әрі әрекет ету туралы нұсқаулар алу үшін интернет-ресурстардағы және мобильді қосымшалардағы ақпаратты оқып шығу керек. Құлақтандыру жүйесіне республикалық тексеру жүргізу құлақтандыру жабдығын әзірлікте ұстауға және халықты болуы мүмкін төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, қауіпті өндірістік объектілер мен гидротехникалық құрылыстардағы жергілікті құлақтандыру жүйелерінің жарамдылығы тексерілетін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ЖАРНАМА/БАСПАСӨЗ-2022

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
261-59-11, 259-88-99 (ішкі
0318) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



«Тәуелсіздік шеруі»



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

ҚР Мемлекеттік орталық музейінде Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік шеруі» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

ҚР Мемлекеттік орталық музей директоры, профессор Нұрсан Әлімбаев жиналған қауымды Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесімен құттықтап, Орталық музейдің жетістіктерімен таныстырды. М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма

театры «Қобыланды» қойылымынан үзінді көрсетті. «Ұйымдастырылып жатқан атаулы шара жас буын өкілдеріне айтарлықтай үлгі-өнеге болары сөзсіз. 30 жыл ішінде Қазақстан әлемде жеке-дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды. 1991 жылы 16 желтоқсан әлем картасында жаңа жас Қазақстан Республикасы пайда болды. Бұл тәуелсіздік қанша ғасырдан бері

армандап келе жатқан бұрынғы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы, аналарымыздың көз жасы еді. Енді, міне, осындай бақытты да берекелі күнге жеттік. Сол себептен, еліміз аман болсын!», – дейді ақын Саят Қамшыгер.

«Тәуелсіздік шеруінің» салтанатты ашылуы Орталық музейдің мәжіліс залында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы ұсынған «Қазақ хандығы» және «Томирис» фильмдерінің көрсетілімімен аяқталды. Сонымен қатар, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік орталық музейінде көрме ашылды.

30 жылдыққа – 30 іс-шара



Қазақ елінің тәуелсіздік бесігінде тербелгеніне биыл 30 жыл. Қазақстан бүгінгі таңда өзіндік үні, пікірі, мәртебесі бар тәуелсіз мемлекет. Еліміздің әлемдік деңгейде аяғымызды әлі де сенімді баса түсу үшін өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беру маңызды.

Осы орайда Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесі қарсаңында Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназияда мерекелік кештер, кездесулер, өнер жарыстары, саптық шеру, дебаттар, т.б. секілді 30 түрлі мәдени іс-шара өтті. Мұндағы мақсат – жас ұрпаққа еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізу жолында көрген тарихи қиын-қыстау кезеңдерін дәріптеу, түсіндіру. Бүгінде Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия қабырғасында белсенді, білімді және патриоттық рухы жоғары шәкірттер білім алууда.

Шығармашыл және тәжірибелі ұстаздар атсалысқан мәдени шаралар әр оқушының бойына еліне, жеріне, тілі мен дініне құрметпен қарауға, патриоттық сезімдерінің шыңдалуына зор үлес қосты.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

Алып сәби дүниеге келді

Шаһарда салмағы 6,2 келі, бойы 66 сантиметр келетін нәресте туылды.

Кішкентай нәресте қалалық Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында кесар тілігі арқылы дүниеге келген.

– Тұңғыш баласын өмірге әкелген 20 жастағы ананың жағдайы қазір қанағаттанарлық. Сәби анасының қасында. Жаңа туған нәрестенің денсаулығы өте жақсы, ол дәрігерлердің бақылауында, – деді орталық директоры Гүлнар Нұрланова. Оның сөзіне сүйенсек, бұл Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында мұндай салмақпен туылған алғашқы сәби.



Алматылық ару көлік ұтып алды

Ресейлік блогер Гусейн Гасанов Instagram парақшасында өткізген ұтыс ойынында Алматы тұрғыны көлік ұтып алды.

Блогердің сөзіне сүйенсек, ұтысқа қатысу үшін қатысушы оның Instagram-дағы жазбасына лүпіл басып, соңғы жариялаған жазбасын өз парақшасында бөлісу керек. Ұтысқа 700 мыңнан астам адам қатысып, бағын сынап көрген.

Миллионға жуық оқырманның ішінен алматылық Әйгерім жеңімпаз атанып, Lamborghini маркалы көлікті ұтып алды.

– Сіз Instagram тарихындағы ең бағалы сыйлықты ұтып алдыңыз, – деп жеңімпазға



блогер Гусейн Гасановтың өзі хабарласқан. Ал Lamborghini көлігінің құны 10 миллион рубль (59 миллион теңге) тұрады.


Ұлт алыптарын көрсетті

27 жастағы алматылық ару Әсел Бекжан – кәсіби суретші. Оның шығармашылығы тұлғалардың портреттері мен қазақы иіс шығып тұратын туындыларға толы.

Қылқалам шебері Алаш қайраткерлерінің суретін өзгеше тәсілмен салғанын жеткізді. Ол 3 қараңдашты бір сызғыштың бойына орналастырып, бейнелеу өнеріндегі жаңа техниканы қолданған.

– Кезекті туындыға кіріспес бұрын жан-жақты зерттеп, жаңаша стильде салғым келді. Дүниежүзілік үлгіде өзімді сынап көрдім. Сондай-ақ, өз өнерімді ғана емес, ұлтымыздың алыптарын көрсеткім келді, – деді суретші.

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының портретін салған ол өз туындысын Тәуелсіздіктің 30 жыл-



дығына арнап отыр. Оның сөзінше, ұлт зиялыларын тану – жастардың міндеті. Сондықтан өз топтамасында Алаш қайраткерлерінің де портреті болу керек деп шешті.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

CORONA VIRUS2020/KZ

12 ЖАСТАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕГУ КАБИНЕТТЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ, ЖАСӨСПІРІМДЕР АТА-АНАСЫНЫҢ, НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛІНІҢ ҚАЛАУЫ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ЕГУ ПУНКТТЕРІНДЕ ДЕ ВАКЦИНА АЛА АЛАДЫ.

МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ҮШІН ЕГУ БРИГАДАСЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ:

Вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігі үшін сақтау мен тасымалдаудың өртүрлі деңгейінде «суық тізбек» қамтамасыз етіледі.

«Pfizer» вакцинасы минус 60-90°C температурада облыстық денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларында сақталады.

Ал, білім беру ұйымдары мен медициналық ұйымдардың егу пункттерінде күнтізбелік 31 күнге дейінгі мерзімде плюс 2-8°C температурада сақталады.

МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖӘНЕ МЕКТЕП БАСШЫЛЫҒЫ:

- Егу кабинеттерін ҚР ДСМ №361 бұйрығына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жабдықтауды;
- алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған препараттардың болуын;
- бір жерде көп шоғырланбау үшін өгілетін адамдардың ағынын шектеуді;
- өлеуметтік қашықтықты сақтау шартымен вакцинацияға дейін күту және вакцинациядан кейін бақылауда болуға арналған жеке бөлме жасақтауды;
- мектеп және медициналық ұйым психологтарының жасөспірімдерді COVID-19-ға қарсы вакцинациялауға қатысуын қамтамасыз етеді.

CORONA VIRUS2020/KZ

ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

- ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУДЫҢ АСҚЫНУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ
- ЕГІЛГЕНДЕРДІ ҒАНА ЕМЕС, АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАРДЫ ДА (АҒА-ІНІЛЕР, АПА-СІНДІЛЕР, ТУЫСТАР) ҚОРҒАЙДЫ
- «ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ» ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ
- ИММУНИЗАЦИЯДАН КЕЙІНГІ «ВАКЦИНАЦИЯ ПАСПОРТЫ» САПАРЫҢЫЗДЫ ЖЕҢІДЕТЕДІ.

ВАКЦИНАЦИЯ ЖҮРГІЗЕР АЛДЫНДА КВИ-ГЕ АНТИДЕНЕНІҢ БАР-ЖОҚТЫҒЫНА ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ.

КВИ-МЕН АУЫРЫП ЖАЗЫЛҒАН АДАМДАР 6 АЙДАН СОҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ВАКЦИНА АЛҒАНЫ ЖӨН.

КВИ-МЕН АУЫРЫП ЖАЗЫЛҒАН АДАМДАРДЫ 3 АЙДАН СОҢ ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ.